

1. Дәрістердің қысқаша конспектісі (баяндалуы).

№1 Модуль . Ежелгі Египет пен Алдыңғы Азия тарихы.

№1 Дәріс. Кіріспе. (1 с. 1 апта.)

Мақсаты: Б.э.д. IV мыңжылдықтың соңы мен б.э. V ғ. аралық кезеңін қамтитын құлиеленушілік қоғамның пайда болу заңдылықтарын қарастыру.

Негізгі сөздер: ежелгішығыс деспотиясы, Тигр, Евфрат және Ніл, полис, республика, Империя.

Сұрақтар:

1 Ежелгі Шығыс: географиялық орта және табиғи жағдайлары.

2 Ежелгі Грециядағы мемлекеттіліктің қалыптасуы.

3 Рим империясындағы (б.э. III-У ғғ.) дағдарыс.

Ежелгі Шығыс тарихы б.э.д. IV мыңжылдықтың соңында бірінші таптық қоғам мен Тигр, Евфрат және Ніл далаларында мемлекеттік құрылулардың пайда болуынан А. Македонский жетекшілігімен грек-македон әскерлері барлық Таяу Шығыс, Иранның таулы өлкесін, Орта Азияның оңтүстік бөлігі мен Индияның солтүстік-батыс бөлігін басып алған IV ғ. 30-20-шы жж. дейінгі кезеңді қамтитын, құлиеленушілік қоғамның тарихын зерттейді. Ежелгі Шығыс елдерінің тарихы ауқымды, ірі аймақтар: Ежелгі Египет және Алдыңғы Азия, Кіші Азия және Кавказдың арғы жағы мен Шығыс Жерорта теңізінің елдері, Иран мен Орта Азия, Оңтүстік Азия, Қиыр Шығыс елдері мен оңтүстік-шығыс Азиямен қамтылады.

Ежелгі Греция тарихы ежелгі Шығыс елдерінің тарихымен өзара байланыста, біруақытта дамыды. Мемлекеттіліктің алғашқы ошақтары б.э.д. III мыңжылдықта Балқан жарты аралының оңтүстігі мен оған жақын жатқан аралдарда (Крит, Лемнос) пайда болды. Ежелгі Грециядағы мемлекеттіліктің қалыптасуы полистің пайда болуы, классикалық ежелгілік, ежелгігрек қоғамы үшін, дәл сондай дәрежеде римдіктер үшін де анықтаушы болған әлеуметтік-саяси ұйымдардың типтерінің қалыптасуымен байланысты.

Ежелгі Рим тарихы Европа елдерінде орналасқан құлиеленуші мемлекеттердің тізімін аяқтайды. Рим республикасы — б.э.д. II ғ. ортасында Италияда пайда болған күшті мемлекет, ол өзінің билігіне Апеннин жарты аралының тайпалары мен халықтарын бағындырған, б.э.д. II ғ. Ортасында бақталас қарсыластарының қарсылығын жеңіп шығып, Жерорта теңізі мемлекеттерінің ішінде ең мықты мемлекет болды. Б.э.д. I ғ.- б.э. II ғ. Рим бүкіл Солтүстік Африканы, Европаның үлкен бөлігі мен Алдыңғы Азия елдерін бағындырып, 500 жылға жуық өмір сүрген үлкен держава құрды.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: 1. ежелгі грек деспотиясына сипаттама беріндер. 2. қоғамның полистік ұйымының ерекше белгілерін атаңдар.

Әдебиеттер:

1.История древнего Востока/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1988;

2.История древней Греции/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1991;

3.История древнего Рима/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1994.

4. Всемирная история. В 10-т. М., 1956. т.1.

№2 дәріс тақырыбы. Орталықтанған жалпыегипеттік мемлекеттің құрылуы және оның ежелгі патшалық дәуіріндегі гүлденуі.

1 апта, 1 сағат.

Мақсаты: ежелгі Египеттегі құлиеленуші қоғамның пайда болу заңдылықтарын қарастыру.

Негізгі сөздер: Ніл, номдар, фараон, династия, Мемфис.

Сұрақтар:

1.Табиғаты мен халқы.

2.Ерте патшалық. Ежелгі патшалық дәуірі.

3. Саяси бытыраңқылықтың күшеюі және Египеттің Ежелгі патшалық соңында номдарға ыдырауы.

Египет Африка континентінің солтүстік-шығыс бұрышында орналасқан және

Алдыңғы Азиямен еңсіз Суэц мойнағы арқылы байланысады. Ежелгі Египет тарихы деп, египет өркениетінің б.э.д. IV мыңжылдықтың екінші жартысында болған Египет мемлекеттілігінің пайда болуымен, яғни б.э.д. IV ғ. соңында египет мемлекетінің тәуелсіздігінің жойылып, Парсы державасының құрамына кіргізілген уақытына дейінгі аралықты қамтиды.

Орталықтанған египет мемлекетінің құрылуы б.э.д. III ғ. Жоғарыегипеттік және төменгіегипеттік патшалықтардың бірігуінің нәтижесінде болды. Жоғарыегипеттік патшалықтың билеушісі-Мина, бір жалпыегипеттік династияның ру басшысы болды, Мемфис қаласын тұрғызып, жолдар мен плотиналар жүйесін салғызды. Ежелгі патшалық дәуірі-тастан салынған ғажайып ғимараттар құрылысының бастамасы (пирамидалар, храмдар, бекініс қабырғалары) болды. VI династия тоқтағаннан кейін мемфистік патшалардың билігі (б.э.д. XXIII сер) нақтылы болды және саяси бытыраңқылық күшейіп, ерте патшалық соңында Египет номдарға ыдырады.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: 1.Ежелгі Египеттегі мемлекеттік басқару ұйымына сипаттама беріңдер. 2. ежелгі египеттіктердің тас құрылысы саласындағы табыстарын сипаттаңдар.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Востока/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1988;
2. Замаровский В. Их величества пирамиды. М., 1986.
- 3.Керам К. Боги, гробницы, ученые. Роман археологии. М., 1986.

№3 Дәріс. (1 с. 2 апта.)

Жаңа патшалықтағы ұлы египет державасы.

Мақсаты: египет мемлекетінің қалпына келтірілуі және ежелгіегипеттік тарихтың ең жарқын кезеңінің бастамасының мәнін көрсету.

Негізгі сөздер: гиксостар, сфинкс, абыздық, IV Аменхотеп , II Рамсес.

Сұрақтар:

1. Египеттіктердің гиксостармен күресі және оларды елден қуғындау.
2. Фараондардың ХУІІІ династияны жаулап алуы және құдіретті египет империясын құруы.
3. IV Аменхотептің (Эхнатон) діни-саяси реформасы.
4. Жаңа патшалық соңындағы Египеттің әлсіреуі және құлауы.

Гиксостармен күресті Египеттің бұрынғы астанасы Фивы қаласының билеушілері басқарды, фивалық билеушілер ХVІІ династияның негізін салды, ал өзгежерліктермен күрестер фараон Яхмоспен аяқталды.

Жаңа патшалық кезеңі шамамен бес жүзжылдыққа созылды және ХУІІІ-ХХ династиялар (шам. б.э.д.1580-1085 жж.) басқаруын қамтыды. Фараондардың ХУІІІ династияны жаулап алуы және құдіретті египет империясын құруы. Мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру. Армия және әскери іс.

IV Аменхотептің (Эхнатон) (б.э.д. 1372-1354 жж.) діни-саяси реформалары египет пантеонында бірінші орынға күн бейнелі-Атон құдайын алға тартты. Эхнатонның діни-саяси реформаларының сәтсіздікке ұшырауы египет қоғамында әлеуметтік шиеленістің күшеюіне әкелді. Египет империясын қалпына келтіру ХІІІ ғ. II Рамсес тұсында (б.э.1301-1235 жж.) болды. Хетт-египет соғысы. Египет ХХ династия тұсында (шам. б.э.д.1200-шам. 1085 ж.). «Теңіз халқы» өзгежерліктердің шабуылы. Фивалық теократияның билігі мен абыздықтың күшеюі. Жаңа патшалық соңындағы Египеттің әлсіреуі мен құлауы.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: 1. Жаңа патшалық кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастарға сипаттама беріңдер.2. Эхнатонның діни реформасының мәнін көрсетіңдер.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Востока / Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1988;
2. Котрелл Л. Во времена фараонов. М., 1982.
- 3.Керам К. Боги, гробницы, ученые. Роман археологии. М., 1986.

№4 Дәріс. (1 с. 2 сағат.)

Месопотамияда мемлекеттің қалыптасуы.

Мақсаты: ежелгі мемлекеттердің пайда болу тарихы мен шумерлік қала-мемлекеттердің дамуының ерекшеліктерін қарастыру.

Негізгі сөздер: Шумер, Аккад, қала-мемлекет, Тигр, Евфрат, энси, лугаль.

Сұрақтар:

1. Елдің географиялық жағдайы.
2. Шумер-экономикалық, саяси және мәдени өмір дамуының орталығы.
3. Лагаш, оның өрлеуі мен құлдырау тарихы.
4. Деспотия, Урдың III династиясының тұсындағы армия мен бюрократия.

Месопотамия Армения тауынан солтүстігі парсы бұғазына дейін, оңтүстігі Иранның таулы облыстарынан, шығысы Сирия-Месопотамиялық даладан батысқа дейін созылып жатыр. Б.э.д. XI –VIII мыңжылдықтарда алғашқы аршылмаған құрылыстар пайда болды.

Мемлекеттіліктің пайда болуы және шумерлік өркениеттің құрылуы (б.э.д. IV мж. екінші жартысы) уруктық мәдениетпен байланысты. Шумер б.э.д. III мж. I-жартысында елдің экономикалық, саяси және мәдени өмірінің дамуының орталығы болды. Ертединастиялық эпохадағы шумерлік қала-мемлекеттердің саяси тарихы, саяси гегемония үшін қырғын күрес барысында бірі, енді бірде екіншісі жеңіп, басым рөл ойнағандығымен сипатталады. Ур билеушілері Лагашқа жол беруге мәжбүр болды. Лагаштағы мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде билік басына (б.э.д. 2318-2312 жж.) Урунимгина келді. Урунимгина реформалары оны билік басына қойған топтарды ғана қанағаттандырды.

Месопотамия б.э.д. XXIV –XXIII ғғ. Аккад билігінің қол астында. Аккад патшалығының негізін салушы Саргон (б.э.д. 2316-2261 жж.) болды, оның басқаруының нәтижесі бүкіл Месопотамияны бір ғана билеушінің билігінің қол астына біріктіру болды.

Кутийлердің соққысынан Аккад патшалығы құлауға келді, шамамен жүз жылдан кейін кутийлердің елдің үстінен үстемдік жүргізуіне, жаулап алушыларға қарсылықтың пісіп жетілуінің бастамасы Ур Уруктың қолдауымен басқарылды. Ур_Намму орталығы Урдағы Шумер-Аккад патшалығының III династиясының (б.э.д. XXIII соңы –XX ғ. басы) негізін салушы болды. Амореялар мен эламиттердің шабуылынан кейін Шумер-Аккад патшалығының құлдырауы басталды.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: б.э.д. III-I мың жылдықтағы Месопотамияның этникалық картасын қалай елестетесіздер? Шумерлік қала-мемлекет нені көрсетеді?

Әдебиеттер:

- 1.Оппенхейм А.Л. Древняя Месопотамия. Портрет погибшей цивилизации. М., 1980.
2. Венберг И.П. Человек в культуре древнего Ближнего Востока. М., 1986.
3. Вулли Л. Забытое царство. М., 1986.

№5 Дәріс. (1 с. 3 апта.) Ассириялық және Жаңававилондық державалар.

Мақсаты: Ассириялық және Жаңававилондық державалардың әлеуметтік-саяси дамуының ерекшеліктерін көрсету.

Негізгі сөздер: Ассирия, Вавилон, Ашшур, II Навуходонсор, Иерусалим, борыштық тәуелділік.

Сұрақтар:

1. Ассирияның Жаңаассириялық кезеңдегі экономикалық және әскери-саяси дамуы.
2. Б.э.д. IX ғ. ассириялық жаулап алушылық.
3. III Тиглатпаласар реформалары және Ассирияның жаңа өрлеуі.
4. Ассирияның құлдырау себептері.
5. Жаңававилондық державаның құрылуы және күйреуі.

Ассирияның экономикалық және әскери-саяси дамуы Жаңаассириялық кезеңнің б.э.д. X ғ.соңы-У11 ғғ. дейін созылды. Ассирия жаулап алушылығы б.э.д. IX ғ, әсіресе екі патшаның: II Ашшурназирпал (б.э.д. 883-859 жж.) және II Салмансар (б.э.д. 859-824 жж.) басқаруы тұсында күшейді.

Б.э.д. 746-745 жж. III Тиглатпаласар реформалары (әкімшілік және әскери) мемлекетті нығайтуға және Ассирияның жаңа өрлеуіне мүмкіндік туғызды (40-шы жж. соңы У111 ғ. – 40-шы жж. У11ғ).

626 ж. Ассириядан Вавилония құлады, 625 ж. Мидия патшалығының тәуелсіздігі қалпына келтірілді, ол бірігіп, оның ірі орталықтарын : Ашшур (б.э.д. 614 ж.), Ниневии (б.э.д. 612 ж.) күйретіп және Харандағы шайқаста (б.э.д. 690 ж.) соңғы ассириялық отрядтың апат болуына алып келді.

Жаңававилондық державаның құрылуы. Б.э.д. 626 ж. басында ассириялық әміршілік басында Халдей династиясының негізін салған және б.э.д. 626 ж. 26 қарашада Вавилон қаласында таққа отырған, халдейлік көсем Набопаласар тұрған билеп төстеушілікке қарсы көтеріліс лап етті. Оның гүлденуі II Навуходоносор тұсында болды, ол кезде Вавилон 200 000 халықы бар ірі қалаға айналды. 539 ж. 12 қазанда парсылар Вавилонға кірді. Одан кейін Вавилония парсылық саяси жүйенің шеңберінде болды. Б.э.д. 482 ж. Вавилония дербес патшалық ретінде жойылды және қатарлы сатрапияның жағдайына дейін зерттелмеген.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Б.э.д. I мыңжылдықтағы Вавилон мемлекетінің өрлеуінің себебі неде? Жаңававилондық қоғамдағы құл иелену ерекшеліктері мен құлдықтың себептері қандай?

Әдебиеттер:

1. Дандамаев М.А. Рабство в Вавилонии У11 -1У вв. до н.э. М., 1974.
2. Оппенхейм А.Л. Древняя Месопотамия. Портрет погибшей цивилизации. М., 1980.
3. Венберг И.П. Человек в культуре древнего Ближнего Востока. М., 1986.

№6 Дәріс. (1 с. 3 апта.) Ежелгі Месопотамия халықтарының мәдениеті.

Мақсаты: Шығыстың ежелгі өркениеттерінің пайда болуы мен даму тарихын және оның әлемдік мәдениеттегі мәнін қарастыру.

Негізгі сөздер: жазу, мифтер, храмдар мен абыздар, Гильгамеш туралы эпос, астрономия, медицина, архитектура.

Сұрақтар:

1. Жазу.
2. Мектептер, архивтер, кітапханалар.
3. Діни түсініктер мен негізгі діндер.
4. Ғылыми-практикалық білімдердің пайда болуы.

Месопотамиялық мәдениеттің қайнар көзі б.э.д. 1У мж. келіп шығады. Месопотамиядағы жазу. Сына жазу. Алғашында шумерлік жазу пиктографиялық түрде болды, көне мәтіндер шамамен б.э.д. 3200 ж. жатады. Ол бірте-бірте ауызша-буын жүйелі жазуға айналады. Осылай бейнелі жазу сына жазуына айналады. Алайда жазуды пайдаланған не шумерліктер, не басқа халықтар оны алфавитке дейін дамытпады.

Білім беру жүйесі. Б.э.д. II мыңжылдықтан бастап Ур, Ниппур және басқа да қалаларда көшірмешілер әдеби және ғылыми текстерді, үзінділерді жинақтады. Ниневияда ассириялық патша Ашшурбанипалдың (б.э.д. 669-635 жж.) ең атақты кітапханасы болды. Ең көне архивтер б.э.д. III мж. бірінші ширегіне тиесілі болды. Шумер мектебі негізінен мемлекеттік және храмдық басқару үшін көшірмешілер дайындады.

Б.э.д. IV-III мж. аралығында Шумерде толық жасалған теологиялық жүйе пайда болды. Әрбір шумерлік қаланың өзінің қорғаушы-құдайы болды. Месопотамия халқының мифологиясы мифтердің маңызды циклдарынан көрінеді: әлем мен адамның жаратылуы, алтын ғасыр, топан су, өлетіндер туралы және тірілтуші құдай туралы. «Гильгамеш туралы эпос» шумер әдебиетінің ең атақты мұрасы.

Әсіресе вавилондық математиканың, астрономияның, медицинаның жетістіктері өте үлкен болды. Сәулет өнерінің ерекшеліктері. Құрылыс өнері.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Месопотамиядағы өркениеттің генезисінің негізгі этаптары қандай? Неліктен «Гильгамеш туралы эпос» әлемдік әдебиеттің асқан үлгілі

шығармасы болып саналады?

Әдебиеттер:

1. Флиттнер Н.Д. Культура и искусство Двуречья и соседних стран. М., Л., 1958.
2. Сеттон Л. Археология Месопотамии. М., 1984.
3. Венберг И.П. Человек в культуре древнего Ближнего Востока. М., 1986.

ЕЖЕЛГІ КІШІ АЗИЯ ЖӘНЕ ЗАКАВКАЗЬЯ.

№7 Дәріс. Хетт патшалығы. (1 с. 4 апта.)

Мақсаты: Кіші Азия тарихының ежелгі кезеңінің ерекшеліктерін қарастыру.

Негізгі сөздер: протохеттер, Хеттер патшалығы, «тулия», «панкус», Табарна.

Сұрақтар:

1. Ежелгіхетт патшалығының құрылуы.
2. Ежелгіхетт патшалығының құлауы.
3. Хетт патшалығының Жаңахетт кезеңдегі қайта күшеюі және хеттік-египеттік қарсыластық.
4. Хетт державасының құлдырауы.

Б.э.д. III мж. соңында б.э.д. 2300-1800 жж. үнді-европалық тілді семьядағы үш тектес үш халықтың қоныс аударуы барысында Кіші Азияға басып кіруі жүзеге асты. Шынында бұл инфильтрация, біртіндеп территорияларды иемдену мен жергілікті халықты бағындыру. Шабуыл, ахейліктердің қысымымен Балқанның шығыс бөлігі жағында болды (шамамен б.э.д. 1900 ж. олар Пелопоннесті басып алды).

Тайпалық орталықтар елдің саяси бірігуі үшін күресі б.э.д. II мж. басында басталды. Ертехетт патшалығының құрылуы (б.э.д. ХУ111-ХУ1 ғғ.). Хетт өркениетінің тарихы үш кезеңге бөлінеді:

- 1) Ертехетт патшалығы — б.э.д. 1680-1500 жж. ;
- 2) Ортахетт патшалығы — б.э.д. 1500-1400 жж. (өтпелі кезең);
- 3) Жаңахетт патшалығы — б.э.д. 1400-1200 жж. (авторитарлық биліктегі патшалық, типтік шығыс мемлекеті).

Ежелгіхетт қоғамында патшаның құқығы шектеулі болды: ол өзінің жеке зорлық-зомбылығын көрсете алмады, өзі өлім үкімін шығару немесе ақсүйек адамдар мен өзінің туысқандарын қуғындай алмайтын болды. Барлық жауапты шешімдерді патша ру қауым басшыларының кеңесінде талқылаудан кейін және олардың келісімімен қабылдады. Бұл кеңес тулия деп аталды және өз кезегінде мемлекеттің ақсүйек тұлғалары кіретін хетт сенаты болды.

Халық жоғарғы билікті қолданушы болып табылды және оның атынан: соғыс, бейбітшілік, патшаның өзін сайлау және т.б. маңызды шешімдер қабылданды. Сондықтан тулияның шешімдері талқыланып, халық жиналысымен бекітілді, ол панку немесе панкус, т.с. «жиын, топ» деп аталды. Бұл қаруланған халық, жауынгер, толыққұқықты азаматтар болды. Олар барлық мәселелерді еркін талқылады және онда өздерінің пікірлерін білдірді.

Хетт заңдары египеттік немесе Хаммурапи патшаның заңдарымен салыстырғанда, жұмсақ сипатта болды, ең бастысы олар өзіндік дарашыл (индивидуалды) болды. Хетт заңдары бойынша, адам қылмысы үшін жеке өзі жауапты болды, сондықтан қылмыстың (мысалы, адам өлтіру) себептері есепке алынды. Ұжымдық жауапкершілік және барлық отбасыларға немесе үйге қатысты «жаза» тек діни салада қолданылды.

Б.э.д. XIII ғ. хетт астаналарындағы абыздық хурриттік құдайлардың пантеонын қабылдады, бұл бүкіл хетт қоғамының өміріне өзгерістер әкелді: Найзағай құдайының культінің (Юпитер, Варун, Перун) орнын Күн әйел-құдайы (Вирусема) басты. Найзағай құдайы екінші орынға құдай-жұбайы ретінде ысырылды. Бұл биліктің шығыстық типі бағытындағы маңызды саяси-идеологиялық шұғыл өзгеріс болды.

Билеушілердің ішкі және сыртқы саясаты панкус деп аталатын халық жасағы мен халық жиналысына арқа сүйеді. Хетт мемлекетінің саяси ұйымына тән белгілер, маңызды істерді шешу үшін ақсүйектер кеңеске жиналды, ол тулия деп аталды. Ертехетт патшалығының құлауы, сыртқы саяси табыстардың елдің ішкі шиеленіскен жағдайымен күңгірттеніп, елдегі өзара қырқыстың болуымен байланысты. Хетт патшалығының Жавахетт кезеңіндегі (б.э.д. ХІУ-ХІІІ ғғ.) қайта қалпына келуі. Осы кезеңде шығыс-жерорта теңізінің жағалауын иелену мен Алдыңғы Азиядағы гегемония үшін күрес қыза түсті. Хеттердің батыста Кіші Азияға енуі ІІ Мурсили тұсында (б.э.д. Шам. 1349-1305 жж.) күшейе түсті. Хетт-египет қарсыластығының бастамасы күшейді. Шешуші шайқастардың бірі бұл Кадаштағы (б.э.д. 1296 ж.) шайқас, бұл шайқаста ІІ Рамсес фараон басқарған египет армиясы жеңіліске ұшырайды. Заключение мирного договора египтян с хеттами (1280 г. до н.э.), согласно которому были разделены сферы влияния: большая часть Сирии и Сев. Финикия стали зоной хеттского влияния, а Палестина и Южная Финикия – египетского. В конце ХІІІ в. создалась мощная коалиция и натиск «народов моря» в результате которого произошло крушение Хеттской державы (ок. 1190 г. до н.э.).

Сонымен шығыс және үндіевропалық дәстүрлердің синтезі болып табылатын хетт өркениеті ішкі өзгерістер мен сыртқы шабуылдарды бастан кешіріп құлады. Бірақ оның түбірі қалды және бұл түбірлер өсіп-өркендеп, жерорта теңіздік антикалық: эллиндік және этрусстік-римдік деген тармақтарды берді.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Хетт мемлекеттілігінің дамуының негізгі этаптары қандай? Хетт державасының құрылымының әлеуметтік-саяси ерекшеліктері неде? Хетт-египеттік қарсыластығының себептері неде?

Әдебиеттер:

- 1.Герни О.Р. Хетты. М., 1987.
- 2.Маккуин Дж. Хетты и их современники в Малой Азии. М., 1983.
3. Мелларт Дж. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. М., 1982.

№8 Дәріс. (1 с. 4 апта.) Урарту мемлекеті және Закавказья мемлекеттері.

Мақсаты: Закавказьядағы мемлекеттердің қалыптасу ерекшеліктерін қарастыру.

Негізгі сөздер: Урарту, Ван патшалығы, Еребуни, Халди, Тейшеба, Шивина.

Сұрақтар:

- 1.Урарту мемлекеті — Ван патшалығының пайда болуы.
- 2.Урартудың Ассириямен күресі.
- 3.Урарту мемлекетінің күйреуі мен құлауы.
4. Закавказья урарттық кезеңнен кейін.

Б.э.д. ХІ- Х ғғ. ұсақ иеліктер бірігіп, ауқымды бола бастады. Урарту мемлекеті- Ван патшалығының пайда болуы б.э.д ІХ ғ. болды. Урарту мемлекетінің күшеюі және оның орталықтануы б.э.д. 835-825 жж. І Сардури тұсында болды. Діни реформа құдайларды негізгі, басты деп үшке бөлді: Халди- аспан құдайы, Тейшеба-күн күркіреуі мен жаңбыр құдайы, Шивини – күн құдайы. Ван патшалығыб.э.д VІІІ ғ. І-ші жартысында өзінің құдіреттілігінің шыңына шықты. Урарту құдіреттілігінің негізін салушысы Менуа (б.э.д. 810-786 жж.) болды. Урартудың Ассириямен күресі І Аргишти (б.э.д. 786-764 жж.) және І Рус патша (б.э.д. 735-714 жж.) тұсында күшейді. Б.э.д. 714 ж. ІІ Саргон жорығы Урарту мемлекетін күйретіп, құлауға әкелді.

Закавказья урарттық кезеңнен кейін. Б.э.д. VІ ғ. Ежелгіармьян патшалығының қалыптасады. Ервандидтердің басқаруы және олардың Парсылармен өзара қарым-қатынасы тығыз байланыстармен, оның ішінде туыстық байланыстармен сипатталады. Гректердің Кавказдың Қаратеңіз жағалауындағы отарлары б.э.д. VІ ғ.пайда болды.

Колхидадағы мемлекет б.э.д. VІ-ІV ғғ. алдыңғы жоспарға шығады. Ерте мемлекеттік құрылулар Иберия (Шығыс Грузия) мен Албанияда (қазіргі Азербайджан) болды.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Урартудың б.э.д. У111 ғ. өркендеуі немен түсіндіріледі? Урарту қоғамының әлеуметтік құрылымын сипаттаңдар?.

Әдебиеттер:

- 1.Пиотровский Б.Б. Ванское царство. (Урарту). М., 1959.
- 2.Меликашвили Г.А. Урартские клинообразные надписи. М., 1960.
- 3.История древнего Востока / Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1988;

V БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ИРАН ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ.

№9 Дәріс. (1 с. 5 апта.)

Б.э.д. VI-IV ғғ. «Әлемдік» Парсы державасы..

Мақсаты : Парсы державасының пайда болуы мен құлауының ерекшеліктерін ашу.

Негізгі сөздер: Кир, Дарий, Лидия, сақтар, Ахменидтер, дарик, сатрапия, Александр.

Сұрақтар:

- 1.Б.э.д.І мж. басындағы Иран территориясындағы парсы тайпалары.
- 2.І Дарийдің билікті тартып алуы және Парсы державасының тұтастығын қайта қалпына келтіру.
- 3.Діні мен мәдениеті.

Б.э.д. І мж. басында Иран территориясындағы парсы тайпалары. Шамамен б.э.д. 646 ж. парсылардың патшасы Ахмен ұрпағы І Кир болды. Шамамен 600 ден 559 ж. қарай Персияны Мидиялық патшалардан вассальдық тәуелділікте болған І Камбиз басқарды. Б.э.д. 558 ж. ІІ Кир отырықшы парсы тайпалары, маңызды рөл ойнайтын пасаргад тайпаларының патшасы болды. Осы уақытан бастап Персия әлемдік тарихтың кең алаңына шығады және келесі екі ғасыр бойына саяси қатынастарда жетекші рөл ойнайды. Кир апат болғаннан кейін 530 ж. оның үлкен ұлы ІІ Камбиз патша болды. 522 ж. 22 наурызда ол Египетте кезінде отанындағы қозғалыс туралы хабар алып, жолда жұмбақ жағдайда өледі. Персия бағындырған елдерде халықтық қозғалыстар басталады.

Саяси дағдарыс, І Дарийдің билікті тартып алып, Парсы державасының тұтастығын қайта қалпына келтірілуі болды. І Дарийдің әкімшілік-қаржылық реформалары мемлекетті әкімшілік-салықтық округтарға бөлді, б.э.д.517 ж. кейін патшалық концелияридің жетекшілігімен үлкен орталық аппарат құрылды. І Дарий бүкіл империяға ортақ монеталық бірлік - 8,4 г. салмақты алтын дарикті енгізді. Б.э.д. VI - IV ғғ. Парсы державасындағы экономикалық, әлеуметтік қатынастарға тән белгілер және басқару жүйесі, Кир мен Камбиз тұсында қатаң реттелетін салық жүйесі болған жоқ, шамамен 519 ж. І Дарий мемлекеттік салық жүйесін орнатты. Бұл «әлемдік» державаның осалдығының себептері, державаның бірікпеуі, бірікпеген құрылуларды көрсетті, сыртқа тепкіш тенденциялар күшті болды. Б.э.д. 334-329 жж. - Шығысқа грек-македон жорығы және Ахеменидтер державасының құлдырауы. Б.э.д. 334 ж. македондық армия Пары державасына жорыққа шықты. 330 ж. ақпанда македондықтар парсы патшаларының басты қазыналары сақталған Персеполь и Парсагадаға кірді, Дарий қашып кетті, ал держава өмір сүруін тоқтатты.

Персияның діні мен мәдениеті. Ежелгі иран культтері — табиғат құдайы Митра (Күн құдайы), Анахита (су мен жемістіліктің әйе-құдайы). Зороастризмнің пайда болуы, негізгі идеялары мен У1-ІУ ғғ. зороастризм дінінің орнауы. Қасиетті кітап «Авеста». Парсы державасындағы діни синкретизм.

Парсы державасындағы жазу жүйесі — ежелгіпарсылық сына жазуының пайда болуы. Парсы мәдениетінің қалыптасуына Алдыңғы Азия мәдениетінің ықпалы тиді. Парсы державасындағы мәдениеттің синкретизациялану үрдісі. Иран мен Орта Азияның мәдениетінің өзара байланысы.

Өзіндік бақылау үшін: «Әлемдік» Парсы державасының қалыптасуына андай тарихи жағдай әсер етті ? Б.э.д.У-ІУ ғғ. грек-парсы соғысының көріну формалары мен себептері қандай?

Әдебиеттер:

- 1.История востока в шести томах. М., 1999. Т.1.

2. Дандамаев М.А. Политическая история Ахменидской державы. М., 1985.

3. Бойс М. Зороастрийцы. Верования и обычаи. М., 1987.

№10 Дәріс. (1 с. 5 апта.) Б.э.д. III-I мж. Орта Азия.

Мақсаты: Б.э.д. III-I мж. Орта Азияның тарих дамуының ерекшеліктерін зерттеу.

Негізгі сөздер: сақтар, Грек-Бактрия патшалығы, Кушан державасы және Парфия.

Сұрақтар:

1. Б.э.д. II-I мж. аралығындағы Орта Азия.
2. Ежелгі Бактрия мемлекеті.
3. Көшпелі-сақтардың тайпалық одақтары.
4. Парсы үстемдігіне қарсы Орта Азиядағы көтеріліс.
5. Орта Азия Селеквидтер мемлекетінің құрамында.

Орта Азиядағы жер шаруашылығы мәдениетінің пайда болуы б.э.д. VI мж. жатады. Б.э.д. II-I мж. Аралығында Орта Азияда қоғамның мүлтік және әлеуметтік дифференциациялы, яғни әртүрлі дамуы мен мемлекеттің қалыптасу процесі жүреді.

Б.э.д. VI-V мж. Ежелгі Бактрия мемлекеті пайда болды. Көшпелі-сақтардың тайпалық одақтары өзінің артына, Сырдарияның төменгі жағындағы қазба жұмыстарынан белгілі монументті мазарларды қалдырды. Атты жауынгерлердің молалары Орта Азияның әртүрлі бөліктерінен кездеседі.

Б.э.д. 545 ж. II Кир өз назарын Бактрияға және көшпенділердің құдіретті бірігуіне бағыттады. Орта Азияның облыстары көп ретте билеуші династияның мүшелері басқаратын сатрапияларға біріктірілді. Осы облыстардың ішінен құрамына Түркіменияның оңтүстік аудандары бөлігі мен Иранның кейбір солтүстік-шығыс облыстары Парфияны атап өтуге болады. Мургаб өзенінің даласында, орталығы Гяуркала қаласы болған Маргиана болды («опасыздар қорғаны»). Ең маңызды облыс бұл Бактрия, астанасы-Бактры. Бактриядан солтүстікке қарай астанасы Маракандамен Соғды орналасты (шамамен қазіргі. Самарканд). Орта Азияда Парсы үстемдігіне қарсы көтерілістер Камбиз басқаруының соңында және Дарийдің патшалық құруының басында басталады. Б.э.д. V. Басында Ахеменидтер державасының құрамына кірген бірінші жж. драмалы оқиғалардан кейін, вотсондық сатрапия үшін біршама бейбітшілік кезеңі орнады.

Саяси көзқарас тұрғысынан Ортаазиялық территориялардың А. Македонский державасына кіруі өзгежерлік биліктің бірінің басқасына ауысуына алып келді. Бірақ А. Македонский әртүрлі даму деңгейінде тұрған облыстарды жақындатуға тырысты, жергілікті аксүйектерді саясатқа тартты және сауданың дамуына, белсенді қала құрылысына ерекше мән берді.

Кушан державасы мен Парфия.

Александрдың өлімімен ол құрған держава құлады, шамамен б.э.д. 305 ж. Орта Азия орталығы Вавилонмен Селеквидтер мемлекетіне кірді.

Грек — Бактрия патшалығының құрылуы б.э.д. 250 ж. бактриялық сатрап Диодот өзін тәуелсіз билеуші деп жариялады, Бактриямен дерлік біруақытта Парфия да жойылды. Б.э.д. 140 және 130 жж. арасында солтүстіктен басып кіруші көшпелі тайпалар Греко-бактрия патшалығын жойды. Греко-Бактрия патшалығының құлдырауы көшпелі тайпалардың тегеурінімен, ішкі өзара қырқыс пен шымшытырықпен байланысты болды.

Қираған Греко-Бактрия патшалығында Кушан державасы құрылды, ол өзінің гүлдену кезінде өзіне хандық Қытай шекарасынан шығысы Ирандағы парфияндық иеліктерге дейін кірді. Оның негізін салушы I Кадфиз болды. Б.э. I ғ. соңы II ғ. басында әсіресе кушан армиясы хань экспансиясын тоқтатқан кезде Шығыс Түркістандағы күрес тартысты болды. III ғасырда кушандар Сасанидтер мемлекетімен қақтығысында жеңіліс тауып, орнына Парфия келді.

Парфян патшалығының пайда болуы б.э.д. 250 ж. жатады. Алғаш бұрынғы селевкидтік сатрап өзін патша деп жариялады, бірақ көп кешікпей елді қолбасшысы Аршак б.э.д. 247 ж. бастаған көшпелі тайпалар басып алып, ол патша титулын қабылдады.

Парфияның сыртқы экспансиясының күшеюі, оның Батысқа жылжуы. Парфияның Риммен қақтығысы б.э.д. I ғ. ортасында күшейді. Парфияның әлсіреуі б.э. I соңы II ғ. басында, оның Сасанидтерге тәуелденуі III ғ. 20-шы жж. болды. Парфия мәдениетінде гректік және шығыс элементтерінің синтезі байқалды.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Б.э.д. I ғ. бірінші жартысындағы Орта Азияның тарихи дамуының маңызды этаптарын анықтаңдар? Ортаазиялық мемлекеттердің дамуында жергілікті шығыс элементтері мен грек элементтерінің өзара әрекеттесуінің белгілері неден көрінді?

Әдебиеттер:

1. История востока в шести томах. М., 1999. Т.1.
2. Массон В. М. Средняя Азия и Древний Восток. М., Л., 1972.
3. Гафуров Б.Г. Таджики. Древнейшая, древняя и средневековая история. М., 1972.

VI БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ОҢТҮСТІК АЗИЯ.

№11 Дәріс. (1 с. 6 апта.)

Ежелгі (Инд) өркениет және «Ведалық кезең».

Мақсаты: Оңтүстік Азия тарихының негізгі этаптары мен ежелгіүнділік өркениеттің ерекшеліктерін ашу.

Негізгі сөздер: Ганг, Мохенджо-Даро мен Хараппа, Ведалар, буддизм, индуизм.

Сұрақтар:

1. Территориясы мен халқы, кезеңге бөлу.
2. Ежелгі (Инд) өркениетінің пайда болуы. Мохенджо - Даро мен Хараппа.
3. Ведалық кезең.

Индиялық субконтиненттің кең ауқымды территориясы климаттық жағдайына, жер бедеріне және топырақ сипаты бойынша бірнеше зоналарға бөлінеді. Үндіевропалық тілді (арийлер) қолданушылар Үндістанға б.э.д. II мж. енді. Оңтүстік Азия – ежелгі дүниенің дамуының орнын басуы тән облыстарының бірі. Ежелгі кезде және орта ғасырда да бұл жерде халықтардың шұғыл алмасуы болған жоқ, тұрақтылық әлеуметтік қатынастармен (касталық құрылыс), сондай ақ мәдени дәстүрлермен ажыратылды.

Оңтүстік Азияның ежелгі тарихын келесідей кезеңдерге бөлуге болады:

1. Ежелгі өркениет (Үнділік) шамамен б.э.д. XX111-ХУ111 ғғ. (алғашқы қалалардың пайда болуы, ерте мемлекеттің құрылуы) даталанады.
2. Б.э.д. 11 мж. арийлер деп аталатын үндіевропалық тайпалардың пайда болуы жатады. Б.э.д. II мж. соңы мен I мж. ортасына дейінгі кезеңде «ведалық»-деп аталады, осы уақытта пайда болған қасиетті әдебиет ведаға байланысты. Оны екі негізгі этапқа бөлуге болады: ерте (б.э.д. X111-Х ғғ.) арий тайпаларының Солтүстік Үндістанға таралып орналасуымен сипатталады, кейінгі – (б.э.д. IX-У1 ғғ.) ең алдымен Гангада алғашқы мемлекеттердің құрылуына әкелген әлеуметтік және саяси дифференциациямен сипатталады.
3. «Буддалық кезең» (б.э.д. У-III ғғ.) –будда дінінің пайда болуы мен таралу уақыты. Буддизммен байланысты мұралар, ең маңызды тарихи деректер болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси тарих тұрғысынан бұл кезең урбанизацияның басталуымен және ірі мемлекеттердің пайда болуынан-Маурьилердің жалпыүнділік державаны құруына дейін атап көрсетіледі.
4. Б.э.д. 11 ғ. –б.э.У ғ. ежелгіүнді өркениетінің «классикалық эпохасы» деп қарастыруға болады, Оңтүстік Азияның мәдениеті мен әлеуметтік ұйымына тән ерекшеліктерінің қалыптасу уақыты.

Үнді өркениеті б.э.д. XX111-ХУ111 ғғ. Солтүстік-Батыс Үндістанда Үнді ауданында пайда болды. Бірінші болып ең ірі екі қалалық орталықтар - Мохенджо - Даро мен Хараппа зерттелді. Хараппа мәдениеті б.э.д. 2300-1700 жж. мерзімдік шеңберде анықталады. Шамамен б.э.д.ХУ111 ғ. соңында Хараппа мәдениеті өмір сүруін тоқтатты. Қалалардың

құлауы Үнді даласына солтүстік-батыстағы артта қалған қалалардың кіруімен қабаттаса болды, саны аз дамыған орталықтар мен көлемді ауыл перифериясының арасындағы үлкен үзіліс хараппа өркениетінің құлдырауына алып келді.

Веда түсінігіне әдетте төрт негізгі самхит-жинағын кіргізеді (Ригведа, Яджурведа, Самаведа, и Атхарваведа). Кейінгіведалық әдебиеттер құрамына -брахмандар, араньяки, упанишадтар деп аталатын брахмандық прозалар мұралары кіреді.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: хараппа мәдениетінің дамуының деңгейі қандай? «Ригведаны» құру уақытынан кейінгіведалық кезеңдегі Солтүстік Үндістанның экономикасын, әлеуметтік және саяси құрылымын не ажыратады?

Әдебиеттер:

1. Бонград-Левин Г.М., Ильин Г.Ф. Индия в древности. М., 1985.
2. Шарма Р.Ш. Древнеиндийское общество. М., 1987.
3. Альдебиль М.Ф. Протоиндийская цивилизация: очерки культуры. М., 1994.
4. Атхарваведа. Избранное. Пер. Т.Я. Елизаренковой. М., 1996.
5. Упанишад. Пер. А.Я. Сыркина. Т.1-3. М., 1993.
6. Ригведа: Избранные гимны. Пер. Т.Я. Елизаренковой. М., 1977.

№12 Дәріс. (1 с. 6 апта.)

Жалпыүнділік державалардың пайда болуы мен құлауы (б.э.д I мж. бірінші жартысы).

Мақсаты: жалпыүнділік державалардың пайд болуы мен құлдырау тарихын көрсету.

Негізгі сөздер: буддизм, Магадха, Кошала, Маурья, буддизм, эдикттер.

Сұрақтар:

1. Үндістанға греко-македондардың басып кіруі және олармен күрес.
2. Нанд династиясының құлатылуы және Чандрагуптаның таққа отыруы.
3. Маурьилер империясы және оның гүлденуі.
4. Ашоктың сыртқы, ішкі және діни саясаты. Буддизмнің таралуы.

Б.э.д. I мж. ортасы Солтүстік Үндістанның экономикасында және әлеуметтік қатынастарда, саяси құрылымында, мәдениетіндегі үлкен өзгерістермен басталады. «Буддалық кезең» (б.э.д. V-III ғғ.) – Солтүстік Үндістандағы урбанизациялану уақыты. Б.э.д. I мж. ортасында көптеген мемлекеттер ауқымды, ірі территорияны иемденді, осы кезеңде ірі мемлекеттер екі ондыққа жуық болды, б.э.д. VI ғ. ортасында Үнді бойынша көптеген кіші мемлекеттер I Дарийға бағынды. Дегенмен, мемлекеттердің ішінен ең маңыздысы бұл Ганганың орта және төменгі ағысындағы Магадха мен Кошала, Ганга мен Ямуна өзендерінің арасындағы Ватса, сонымен бірге астанасы Уджаяни Аванти болды. Осы мемлекеттердің арасындағы гегемония үшін күрес б.э.д. Солтүстік Үндістанның VI-V ғғ. саяси тарихының негізгі мазмұнын құрайды. VI ғ. қарай билеушілері жүз жыл өткеннен кейін алғашқы жалпыүнділік державаны құру сәті түскен, Магадха ең үлкен мәнге ие болды. Нандтардың Магадхалық династиясын Маурьилер династиясының негізін салған Чандрагупта (б.э.д. 317-180 жж.) жеңді.

Маурьилер державасы б.э.д. III ғ. ортасында Чандрагуптаның немересі Ашок тұсында өркендеді. Ашоктың (эдикттер деп аталатын) жазу табылған орны оның державасының шекараларын- Ганга сағасынан және Кабулдан Деканның оңтүстік шетіне дейін (оған Үндістанның оңтүстігінің шеткері облыстары ғана кірмейді) деп шамалап суреттеуге мүмкіндік береді. Жалпыүнді билеушісі Ашок буддизмді уағыздады және өзінің бүкіл әлемді «әділдікті жаулауға» ұмтылысын қайсарлықпен жариялады.

Әдебиеттер:

1. Бонград-Левин Г.М., Ильин Г.Ф. Индия в древности. М., 1985.
2. Бонград-Левин Г.М. Индия эпохи Маурья. М., 1973.
3. Асвагоша. Жизнь Будды. Пер. К. Бальмонта. Со вступ. ст. С. Леви. М., 1913.
4. Шарма Р.Ш. Древнеиндийское общество. М., 1987.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар:

Б.э.д. I мж. ортасында Солтүстік Үндістандағы қандай ірі өзгерістер бұл уақыт ежелгіүнді тарихының ерекше эпохасы деп санауға мүмкіндік береді? Ежелгі заман соңында қалыптасқан қауымдық-касталық құрылыс нені көрсетеді?

№13 Дәріс. (1 с. 7 апта.)

Ежелгі заманның соңғы кезеңіндегі Оңтүстік Азия (б.э.д. I мж. I-ші жартысы).

Мақсаты: қарастырылып отырған кезең тарихын ежелгіүнді экономикасының өркендеу уақыты ретінде оқу.

Негізгі сөздер: Магадха, Кушандар, Маурья, Гупталар, ғұндар-эфталиттер.

Сұрақтар:

1. Кушандар тұсындағы Үндістан.

2. Магадхидың жаңадан өркендеуі және Гуптар династиясын басқару.

3. Б.э. I-V ғғ. әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруі.

Б.э.д. II ғ. басында Маурилер династиясының соңғы өкіл өзінің әскербасшының қолынан қаза тапты. Осы уақыттан бастап ұзақ мерзімге тұрақсыздық басталады. Сонымен бірге Солтүстік-Батыс Үндістан сырт жақтан қатты соққы-өзгежерліктердің шабуылын бастан кешірді. Бірінші болып Гандхарда берік орнығып алған греко-бактриялықтар болды. Оның соңынан б.э.д. I ғ. Үндістанға шығыс-иран тайпалары-сақтар ене бастады. Біздің эрамыздың аралығында Солтүстік-Батыс Үндістанның бірнеше облыстары парфияндарға бағынды. Біздің эрамыздың бірінші ғасыры Кушан державасының Орталық Азиядағы саяси басымдығымен сипатталады, бұл Үндістанның шығыс-ирандық, сонымен бірге эллинистік дүние мен Хань империясымен мәдени өзара әрекеттесуіне мүмкіндік жасады.

У1-У ғғ. Магадха Гуптар династиясының билігімен жаңа өрлеуді бастан кешірді. Династияның гүлденуі II Чандрагауптаның (380-415 жж.) басқару қатысты болды, бірақ оның өлімінен кейін көп кешікпей династияның құлдырау тенденциялары күшейді. У соңы-У1 ғ. басында Орталық Азиядан келген ғұндар-эфталиттердің шабуылынан қатты талқандалды.

Әдебиеттер:

1. Бонград-Левин Г.М., Ильин Г.Ф. Индия в древности. М., 1985.

2. Атхархаведа. Избранное. Пер. Т.Я. Елизаренковой. М., 1996.

3. Упанишады. Пер. А.Я. Сыркина. Т.1-3. М., 1993.

4. Ригведа: Избранные гимны. Пер. Т.Я. Елизаренковой. М., 1977.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Маурилердің жалпыүнділік державасының қосылу алғышарттары неден тұрады және оның Үндістан тарихындағы мәні қандай? Үндістн тарихының дамуындағы классикалық кезеңнің негізгі этаптары қандай?

VII БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ.

№14 Дәріс. (1 с. 7 апта.) Ежелгі Қытайдың табиғи ортасы мен халқы. Қытайдағы ежелгі мемлекеттік құрылулардың пайда болуы.

Мақсаты: Қытайдағы ежелгі мемлекеттік құрылулардың пайда болу тарихын қарастыру.

Негізгі сөздер: Шан-Инь, Чжоу, Шығыс Чжоу, Цинь, Хань.

Сұрақтар:

1. Кезеңге бөлу. Шан-Инь мен Чжоу.

2. Инь кезеңіндегі экономика, қоғам мен мемлекет.

3. Б.э.д VIII-III ғғ. Ежелгі Қытай. Шығыс Чжоу кезеңі.

4. Қытайдағы алғашқы орталықтанған мемлекет-Цинь империясы.

Ежелгіқытай қоғамы негізгі бес кезеңге бөлінеді: 1. (б.э.д.11 мыңжылдық.) алғашқықауымдық құрылыстың ыдырап, таптық қоғамның және ежелгі мемлекеттердің пайда болуы. 2. Б.э.д. У111-111 ғғ. Ежелгі Қытай. 3. (Б.э.д. 221-207 жж.) Қытайдағы алғашқы орталықтанған мемлекет-Цинь империясы. 4. Хань империясы (б.э.д. 111-1 ғғ.). 5. Б.э.д. 1-111 ғғ. Ежелгі Қытай.

Ежелгі Қытайда қызметке сайлау орнына бірте-бірте мұрагерлік билік келеді. Ци

алғашқы Ся жалпықытай династиясының негізін салушы болып саналады. Аңыз бойынша, Ся династиясының соңғы билеушісі ерекше зұлым болған көрінеді, содан кейін тәуелді тайпалар көсемдері оған қарсы көтеріледі. Осы тайпалардың бірінің жетекшісі шан Тан тиранды тақтан түсіріп, оны өзінің Аспан асты билігінің астына біріктіреді. Ол жаңа Шан империясының бірінші өкілі болды, нәтижесінде (б.э.д. ХУІІ ғ.) Инь атауын алады.

Инь мемлекеті б.э.д. ХІІІ ғ. ІІ жартысында Диндағы Ван билігі кезінде үлкен күдіретке ие болды. Оның өлімінен кейін Инь үйі құлауға келді, және б.э.д. ХІ ғ. соңғы ширегінде «чжоу жаулап алушылығы» болады. Б.э.д. 1027 ж. Чжоу әскерлері инь әскерлерін жеңіліске ұшыратады. Жалпы чжоу жаулап алушылығы ванға тәуелді территорияларды басқару жүйесінде түбірлі өзгерістер болдырған жоқ.

Б.э.д. УІІІ ғ. басында чжоулықтардың Хуанхэ өзенінің жоғарғы ағысында қоныстанған жун тайпаларымен қақтығысы жиілей түседі. Б.э.д. УІІІ-ІІІ ғғ. кезеңде Шығыс Чжоу деп аталады, себебі 770 ж. астанасын шығысқа көшіреді.

Ортақытай жазықтығында гегемонияға ие болған алғашқы жалпықытай патшалығы Хуанхэнің төменгі жағында орналасқан Ци болды. Ци билеушісінің өлімінен кейін Ци патшалығы гегемондық жағдайынан айырылады. Көп кешікпей ол басқа ірі- Цзинь патшалығы болды. Цзинь патшалығының үш дербес Чжао, Вэй, Хань (б.э.д. 403 ж.) мемлекетке бөлінуімен ежелгіқытай қоғамының тарихында Чжань кезеңі («Соғысушы патшалық кезеңі») басталады.

Әдебиеттер:

- 1.Крюков М.В., Софронов М.В., Чебоксаров Н.Н. Древние китайцы: проблемы этногенеза. М., 1978.
2. Васильев Л.С. Проблемы генезиса китайского государства. М., 1983.
3. Сыма Цзянь. Исторические записки. М., 1972-1987. Т.1-5.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Чжоу патшалығында әлеуметтік рангтар жүйесін не құрады және оның әлеуметтік қатынастар жағдайына әсері қандай? Ежелгі Қытайды орталықтандыру шаралары көмегімен жалпықытай Цинь империясының құрылуының себептері қандай?

VІІІ БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ ТАРИХЫ.

№15 Дәріс. (1 с. 8 апта).

Деректер мен тарихнама.

Мақсаты: Ежелгі Греция тарихы бойынша дерктерге және оның тарихнамасының дамуына сипаттама беру.

Негізгі сөздер: археологиялық деректер, нумизматика, эпиграфика, Геродот, Плутарх, Шлиман, тарихнама.

Сұрақтар:

- 1.Археология мәліметтері: Криттегі Эванс және басқа қазба жұмыстары.
2. Мифология мен көркем әдебиет мұралары.
- 3.Публицистика және шешендік өнер шығармалары.

Археология мәліметтері: Криттегі Эванс және басқа қазба жұмыстары. Мифология мен көркем әдебиет мұралары. Публицистика және шешендік өнер шығармалары. Арнайы әдебиеттер шығармалары: философиялық, жаратылыстану және экономикалық еңбектер. Г.Нибурдың сыни әдісі және оның Греция тарихын жасаудағы ықпалы. Әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихты оқып үйрену.

Қазіргі уақыттағы Грецияның тарихын оқып үйрену. Антика бойынша қазақстандық тарихнама. Б.э.д.ІІ мж. Греция тарихы.

Б.э.д. ІІ мж. Крит пен Ахейлік Греция. Б.э.д. ХІ-ІХ ғғ. Греция. Гомер поэмалары Грецияның әлеуметтік-саяси және экономикалық тарихы саласындағы дерек ретінде.

Археология мәліметтері: Криттегі Эванс және басқа да қазбалар. Микен, Тиринф,

Пилос, Троя, Олимпиядағы, Коринф және т.б. зерттеулер.

Папирустар. Монеталар.

Мифология мен көркем әдебиет мұралары тарихи дерек ретінде. Публицистика және шешендік өнер шығармалары. Лисий, Исократ, Демосфен.

Арнайы әдебиеттер шығармалары: философиялық, жаратылыстану және экономикалық еңбектер.

Г.Нибурдың сыни әдісі және оның Греция тарихын жасаудағы ықпалы.

Бектің ғылыми қызметі мен грек жазу корпусы. Эллинизмнің ашылуы. Шлиманнның Трояны ашуы және Криттегі Эванс қазбалары. Ежелгі Греция тарихының Ресейде зерттелуі. М.С.Куторга, Ф.Ф. Соколов, В.В.Латышев. Әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихтың зерттелуі. Р.Ю.Виппер, М.М.Хвостов, В.П.Бузескул, М.И.Ростовцев, Ф.Ф.Зелинский еңбектері..

Қазіргі уақыттағы Грецияның тарихын оқып үйрену. А.И.Тюменев, В.С.Сергеев, С.И.Ковалев, К.М.Колобова, А.Б.Ранович, К.К. Зельин, С.Л.Утченко, В.П. Кошеленко, Э.Д. Фролов.

Антика бойынша қазақстандық тарихнама. Ежелгі грек полисі және В.В.Горова, В.Н.Вдовинның авторитарлы билік формасы мәселесі.

Б.э.д. II мж. Крит пен Ахейлік Греция. Б.э.д. XI-IX ғғ. Греция. Гомер поэмалары Грецияның әлеуметтік-саяси және экономикалық тарихы саласындағы дерек ретінде.

Әдебиеттер:

- 1.Гомер. Илиада и Одиссея/ Пер. В.А.Жуковского. - М., 1988.
- 2.Геродот. История/Пер. Г.А.Стратановского. - М.,1970.
- 3.Фукидид. История. - М.,1981.
- 4.Платон. Законы//Сочинения, в 3-х томах. - М.,1986.
- 5.Аристотель. Политика//Сочинения, в 4 томах. - Т.4.-М.,1977.
- 6.Плутарх. Сравнительные жизнеописания, в 3-ех томах. - М.,1961.
- 7.Хрестоматия по истории древней Греции/Под ред. Д.П.Каллистова. - М.,1964.
- 8 История древней Греции/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1991;

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Ежелгі Грецияның тарихы бойынша деректерді сипаттаңдар. Греция тарихының қазақстандық тарихнамада дамуын айтып беріңдер.

№16 Дәріс. (1 с. 8 апта).

Б.э.д. VIII-VI ғғ. Архаикалық Греция

Мақсаты: Ежелгі Грециядағы қоғамның полистік ұйымының ерекшеліктерін ашу.

Негізгі сөздер: полис, Аттика, Спарта, Афины, тирания, Пелопоннес.

Жоспар:

1. Ежелгі грек полисі, оның шығуы мен мәні.
2. Б.э.д. VIII-VI ғғ. Пелопоннес.
3. Аттикада полистің қалыптасуы.

Пелопоннес, Батыс Греция мен Фессалия дербес діни-саяси қауым немесе полистердің жиынтығын көрсетеді. Полис өз меншігі бар, қаруланған және шаруашылық жағынан дербес адамдардың, еркін азаматтардың қауымы немесе ұжымы болып табылады. Ұжым ортақ мүдделерді қорғау және дау-жанжалдарлы шешу үшін қажет болды.

Тарихнамада, Грецияның гомерлік эпохасында ұсақ дербес қауымдар құрылысы болды (тапсыз қоғам) деген пікір орнықты, ал б.э.д. VIII ғ. «полистік құрылыс (қоғам таптарға бөлініп кететін қала-мемлекет)» пайда болып, бекітілді.

Полистер ерте гректік құрылулары ретінде патша басқаратын, монархияны көрсетті. Олар биліктің жоғарғы органы халық жиналысы болған, өзін-өзі басқарушы қауымдар балып табылады. Халық жиналысының өкілі ру қауым басшыларының кеңесімен бірге басқаратын патша болды. Патша маңызды мәселелер бойынша өзінің пікірін мақұлдау үшін халыққа көңіл аударды. Даулы шешім жағдайында рескрипт екі бөлікке бөлінген, топтағы жақтаушылардың

көп санды болуы негізінде шығарылды.

Полистің қалыптасуы дәл осы гомерлік кезеңде болады. Гомерлік кезеңнің басталуы мен аяқталу уақытын анықтау мүмкін емес. Гомерлік эпоханың соңына қарай алғашқы қауымдық құрылыстың бөлініп кетеді, таптарға бөліну көрінеді, құлиеленушілік демократия пайда болады. Полистік құрылыс зерттеушілермен бірауыздан біртұтас мемлекет пен қоғамдық ұйымның басқа да типтеріне қарам-қарсы қойылады. Гомерлік полиске қарама-қарсы - «ауыл-мемлекет» («қауым-полис») архаикалық және классикалық полис — енді «қала-мемлекет» («полис-мемлекет») болды. Полистің барлық азаматтары филалар (тайпалар) мен фратрияға (рулық ұжымдар, рулар) бөлінді. Әдетте 10 фратрия бір филаға теңестірілді. Дорийлік полисте үш фила, Иониялықта төрт фила болды. Филалар мен фратриялар ру-тайпалық ұжымды ғана емес, әлеуметтік-діни құрылымды да көрсетті. Әр филаның өзінің қамқоршы-құдайы немесе батыры болды және өзінің атаулары болды. Соған сәйкес, әрбір филаның жауынгерлік бірлігі болды. Фила сонымен қатар халық жиналысының қатысушысы болып табылады. Әлеуметтік-діни өмірге (құрбандық шалу) саяси және азаматтық құқықтары жоқ, (*неполиттер*, т.с. полистің азаматтары емес) басқа да тұрғындар қатысты.

Полистерге тән белгілер қоғамдық мерекелер, тойлар -1 жалпы тамақтану (онымен кейін тирандар күресті). Оған барлық азаматтардың, соның ішінде кедейлер де келуі міндетті еді. Тамақтану кезінде столдар қатар-қатар қойылып, кейде оған 500-ге дейін адамдар отырды.

Полистер толық ішкі автономияға ие болып қана қойған жоқ, сонымен бірге дербес сыртқы саясатты жүргізді. Себептері өте көп (жайылымдар, бұлақтар, шекаралар үшін күрес) соғыстар үнемі болып тұрды

Полис бұл классикалық мағынада монархия болды: монарх билігі құдайдан берілген, заңды болды т.с. — әдетте мұрагерлік, кейде сайлаулы болды. Гомерлік Грецияда барлық полистер монархия болды. В гомеровской Греции все полисы были монархиями. Билеушінің жеке өзі полистің заңдарымен келісімде басқарды, ол *басилия деп аталды*, т.с. князь, патша. Диархия тек Спартада ғана болды.

Грек полистерінің әлемін қандай да бір мүлде кездейсоқ көпшілік немесе ұсақ княздіктердің конгломераты ретінде қарастыруға болмайды. Әрбір полис дербес болды, алайда гректер эллиндік халық бірлігін айқын әрі нақты саналы түрде түсінді. Эллиндік әлем - бұл әлеуметтік-саяси құрылыстың «батыстық» үлгісіндегі әртүрлі бірліктің классикалық үлгісі. Эллиндік бірліктің жалпы мәдени негізі болды (өркениеттік деңгейде) және жалпы діни, өнегелі құндылықтарға (жалпыэллиндік құдайлар, моральдық-этикалық нормалар) арқа сүйеді.

Б.э.д. XI немесе X в. Спарта полисі пайда болды. Дорийлықтар Лаконияға басып кіргеннен кейін ежелгі Лакедемонның құнарлы жерлерінде, Еврот даласының ортаңғы бөлігіне орнығып қоныстанады. Сондықтан жергілікті халықтың едәуір бөлігін спарталықтар құлдықта ұстап, құл-илоттарға айналады. Олардың кейбіреулері өз еріктерімен Спартаның басымдығын мойындап, Лакедемон мемлекетінің құрамына периэктер құқығын (айналада өмір сүруші) алып кірді. Осы кезеңде тұрақтылығымен ерекшеленетін Спартаның мемлекеттік құрылысының негізі салынды. Бұл саяси жүйелердің маңызды элементтері болып екі патшалық билік, ру қауым басшаларының кеңесі /герусия/, және халық жиналысы — апелла болды. Ежелгі уақыттан бастап Спартада екі патшалық династиясы бір уақытта билік жүргізді.

Спартаның ежелгі тарихында Мессен соғысы кезеңі ерекше орын алады. Б.э.д. VIII ғ. ортасынан Спартада, басқа да көптеген грек мемлекеттерінде шиеленісті жер тапшылығы сезіле бастады. Осы этаптағы спартандық агрессияның негізгі объектісі Пелопоннестің оңтүстік-батысындағы бай, ауқымды облыс Мессения болды.

Құнарлы мессендік жерлерді басып алу келе жатқан аграрлық дағдарысты тоқтатуға мүмкіндік берді. Спартада өзінің табысы бойынша үлесі бірдей 9000 сандарының арасына сәйкес қатал принципке негізделген, тұрақты жериелену жүйесі құрылып, үлкен жерді бөліске салу жүзеге асырылып, спартандықтарға таратылып бөлінді.

Мессенияны жаулап алғаннан кейін, спартандық демос көпмыңдаған илоттардың массасын қарудың күшімен жүзеге асырушы, кәсіби жауынгер-гоплиттердің тұйық окшауланған бірлестігіне айналды, ал олар сандық жағынан өздерінің құлдыққа салушыларынан басым түсіп, ал оларды бағынышты етіп ұстау тек әрдайым қатігез террордың көмегімен ғана мүмкін болды. Плутархтың мәліметтері бойынша /Ликург/ спарталық үкімет уақыт өткен сайын илоттарға ерекше қоршау- «крипийлер» құрды. Оған торуылдап илоттарға тап беретін, ең мықты әрі күштілерін жоюға тырысатын жас спартандықтар қатысты.

Заң спарталықтарды өздерінің ұлдарын жеті жасқа толысымен арнайы лагерлерге - агелалар /агела-табын/ беруге міндеттеді; онда төзімділікке, қулыққа, зұлымдыққа, бұйрық беру мен бағындыруға тәрбиеледі. Ересек спарталықтар бірлескен тамақтануларға - сисситияға қатысты, оның жасалуына ай сайын өз шаруашылығынан белгілі бір азық-түліктерді беріп отырды. Спарта мемлекетінің билеуші жетекшілерінің қолында сиссития мен агелалар қарапайым азаматтардың мінез-құлқы мен көңіл-күйіне бақылау жасайтын қолайлы тәсіл болды. Барлық осы қайта құрулар Спартаның азаматтық ұжымының нығаюына мүмкіндік жасады. Атақты спарталық фаланга ұзақ уақыт шайқас алаңында өзіне теңдесті таба алмады. Б.э.д. VI ғ. ортасында ол өзінің гегемониясына пелопонесстік мемлекеттердің үлкен бөлігі, Коринф, Сикирион, Мегара сияқты ірі полистер де кірді. Нәтижесінде Грецияның ең маңызды саяси бірлесуі болған, Пелопонесс одағы құрылды.

Спартаның ұлыдержавалық талаптары әскери құдіретіне ғана арқа сүйеді. Ол экономикалық және мәдени қатынастарда басқа грек мемлекеттерінен тым артта қалды. "Ликург құрылымының" орнатылуы гомерлік эпохадағы натуралды шаруашылық сатысын кері қайтарып, спарта экономикасының дамуын шұғыл тоқтатты. Әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірдегі толық тоқырау және нағыз рухани құру — спарталықтар илоттардың үстінен басымдығы үшін осындай бағамен сазайын тартты. Өзімен өзі окшауланған, сыртқы әлемнен дұшпандардың саңылаусыз кедергісімен қоршалуы, және Спартаның сенбеушілігі біртіндеп демократиялық құрылыстың барлық дұшпандарының тірегі, Греция территориясындағы саяси реакцияның негізгі ошағы болды.

Әдебиеттер:

1. Античная Греция. Проблемы развития полиса /Под ред. Е. Голубцовой. М., 1983. Т.1
2. Жураковский Г.Е. Очерки по античной педагогике. М, 1963.
3. Тойнби А. Дж. Постигание истории. М., 1991. С. 196-208.
4. Шишова И.А. Раннее законодательство и становление рабства в античной Греции. Л., 1991

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар:

Крит-микендік, гомерлік және архайкалық кезеңдердегі полистің шығуы туралы әңгімелеп беріңдер. Полистің қалыптасуының заңдылықтары мен негізгі жолдары мен мәнін сипаттандар.

IX БӨЛІМ. Б.Э.Д. V-IV ғғ. КЛАССИКАЛЫҚ ГРЕЦИЯ.

№17 Дәріс. (1 с. 9 апта.)

Б.э.д. V ғ. Афинылық демократия мен спарталық олигархия саяси жүйелер ретінде.

Мақсаты: афины демократиясы мен оның ерекшеліктерін, саяси жүйе ретінде спарта олигархиясының тарихи мәнін көрсету.

Негізгі сөздер: Эфиальт, Перикл, Афинылық архэ, Спарта, илоттар, Гелиэя.

Сұрақтар:

1. Парсыларды жеңгеннен кейінгі Афиныдағы құлиеленуші демократияның дамуы.
2. Эфиальт пен Перикл реформалары.
3. Бірінші Афинылық теңіз одағы мен Афины архэсіне айналуы.
4. Спартаның саяси ұйымы. Б.э.д. V ғ. Пелопонесс одағы.
5. Б.э.д. 460-430 жж. Афины архэсі мен Пелопонесс одағының өзара қатынасы.

Афиныдағы демократия ең толық және тұрақты болды. Шамамен б.э.д. 462 ж. аристократиялық партияның қысқа мерзімді сәттілігінен кейін, демократиялық топтардың аристократиялықтардан басымдағын қамтамасыз ететін, демос көңілінде өзгеріс болды. Оларды (Писистрат пен Клизфен тұсындағыдай) шаруа кедейлеріне емес, теңіз бен теңізде жүзушілікке байланысты: матростар мен порттық адамдарға, демостың топтарына тірек болған, демократиялық қозғалыстың ықпалды қайраткерлері — Эфиальт пен Перикл жетекшілік жасады. Олар, өз кезегінде, теңіз саудасы мен теңіздің аржағындағы акцияларға байланысты, көпестерді, банкирлерді қолдады. Бұл шеңбердегі топтар булла мен экклесияда («500 Кеңесі») үстем болды, олар Афинының ішкі және сыртқы бағыттарын анықтады.

Аристократияның үстемдігі әлсірей бастады, сонымен оның спарталық позициясы азаматтардың бірден наразылығын шақырды. Сондықтан Эфиальт жетекшілігіндегі демократтар — олигархтардың негізгі тірегі-Ареопагқа қарсы шығуға көшті. Б.э.д. 462 ж. халық жиналысының шешімі бойынша Ареопаг өзінің саяси функцияларынан (500 Кеңесі мен гелияға берілген) айырылды және мемлекеттік басқарудың ықпалды органынан кейбір қылмыстарды ғана шешетін сот органына айналды. Эфиальт бұрыштан өш алудың кесірінен өлтірілсе де, енді ешнәрсені өзгертіп болмайтын еді.

Эфиальт өлтірілгеннен кейін Перикл даусыз афинылық көшбасшы болды. Оның билеу уақыты «Периклдың алтын ғасыры» деген атау алды. Бұл уақыт Афинының ең күдіретті, демократия мен мәдениеттің өрлеу кезі болды. Б.э.д. 443-429 жж. ол жыл сайын бірінші стратег болып сайланды және Афиныны 15 жыл басқарды. Перикл 5 жыл бойы (б.э.д. 444/3 жж.) стратег болып сайланды.

Б.э.д. 457 ж. барлық азаматтар мүліктік цензге қарамастан, сайлау мен сайлану құқығы т.с. қоғамдық қызметтерге кіруге рұхсат алды. Тағы бір жаңа тәртіп: қызметке сайлаудың көпшілігі (халық соты, булла, архонттар) жеребе әдісі арқылы (тәжірибеде: егер ас пісіруші әйел болмаса, онда әрбір матрос мемлекетті басқара алатын еді деген қағида жүзеге асырылды). Әсіресе білім мен тәжірибе қажет етілетін тек стратег лауазымы ғана ерекше болды.

Сол кезде қоғамдық қызметтерге еңбекақы енгізілді. Әрбір сотқа қатысқаны үшін төледі (екі обола), кейін «500 Кеңесіне», халық жиналысына тәуліктік қатысқаны үшін төлем төледі. Тек стратегтер лауазымына ғана төленбеді. Ақырында, афины азаматтарына театрға барғаны үшін ақша бере бастады. Материалдық жағынан афины азаматы болу өте тиімді болды. Сонымен Перикл азаматтық туралы заң қабылдады: афины азаматы болып тек әке-шешесі афины азаматы болған адамдар ғана бола алатын еді. (Бұл заңның нәтижесінде Периклдың өзінде қиындықтар туындады-оның ұлы Милеттегі Аспасиядан азаматтық құқығын қиындықпен алды). Үлкен құқық алған экклесия, оны ұстап алды. Ол әрбір 10 күнде жиналды. Алайда (35 мың. азаматтардан) екі-үш мың адам ғана келді. Сол кезде шешім қабылдау үшін (оның ішінде остракизм де) алты мың адамдық кворум орнатылды. Шынында, бұл кездейсоқ топ болды. Перикл билігінің соңына қарай ескі эллиндік дүниетанымның бөлініп кетуі басталды. Демократия мен демократиялық құрылымнан мүлде түңіліп, охлократия тенденциялары көріне бастады.

Перикл тұсында мүліктік цензі шын мәнінде алынып тасталды, соттарға екі обола мөлшерінде, кейінірек 500 кеңесі мен бірқатар магистраттарға да еңбекақы енгізілді. Перикл тұсында әскери флотты күшейтуге және сонда қызмет етуші азаматтарға еңбекақы енгізуге үлкен мән берілді. Клерухияны (әскери-егіншілік отарлар) біржола жойды. Б.э.д. V ғ. Афиныда өзінің өміршеңдігін көрсеткен демократиялық жүйе қалыптасты.

Б.э.д. 478 ж. Спарта парсыларға қарсы полистер одағынан шықты. Одақтастары өздерінің саясатын ары қарай жалғастыруды шешті. Олар Делос аралында Делостық немесе Бірінші Афины теңіз одағы деп атау алған, полистердің конфедерациясын құрды. Афины өзінің флоты мен құралдарының арқасында Одақта лидерлік, ал кейінірек жетекші орын алды. Олар теңіз державасына, (Афины архэсі) империяға айналып, басқа полистерге қатысты қатынастарда империялық саясат жүргізді. Афины одақтық полистерді Одақ

казынасына ақша төлеуге мәжбүр етті. Афиналық билеуші басшылық оларды өздерінің білгенінше пайдаланды.

Бұл жекелеген полистердің қарсылығын туғызып, одақтан шығуға дейін әрекет жасады. Афины ол жерлерге жазалушы экспедиция жіберді. Одан бөлек, олар басқа полистердің территориясында өздерінің отарларын құрды. Жерлерін жоғалтып, олардың билігінің жойылуы одақтық полистерде наразылықпен қабылданды. Бұл Одақтың осалдығы Афиныға қарсы азаттық қозғалыстың себебі болды. Ал батысқа қарай сауда жолдары үшін Коринф пен Афины арасында бақталастық күшейді.

Перикл тұсында Афиныны Афины Одағының біртұтас діни және мәдени орталығына айналдыру әрекеттері жасалды. Осылай біртіндеп Афинаның ұлыдержавалық саясатының нәтижесінде Делос симмахиясы афинылық архэге айналды. Сырттан бұл, 454 ж. Одақтық казына Делостан Афиныға көшірілуінен көрінеді.

Әдебиеттер:

- 1.История древней Греции/Под ред. В.И.Кузищина.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
- 3.Фукидид. История. - М.,1981.
- 4.Строгецкий В.М. Полис и империя в классической Греции. - Нижний Новгород, 1991.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар:

Эфиальт пен Перикл реформаларының мәні неде? Тәрбиелеудің спарталық жүйесінің ерекшеліктерін сипаттаңдар.

№18 Дәріс.(1 с. 9 апта.)

Пелопоннесс соғысы (б.э.д. 431-404 жж.).

Мақсаты: Пелопоннесс соғысының барысы мен Афинының талқандалу себептерін ашу.

Негізгі сөздер: Спарта, Пелопоннесс одағы, Афины, Афины Одағы, гетерия, олигархия.

Сұрақтар:

- 1.Соғыстың себептері мен сылтауы.
- 2.Ники бейбітшілігі. Б.э.д. 421-415 жж. уақытша бітім.
3. Афинының экспанциялық саясаты.
4. Б.э.д. 411 ж. олигархиялық өзгеріс. Афинының талқандалуы. Бейбітшілік шарттары.
- 5.Афинының талқандалу себептері.

Пелопоннесс соғысы туралыФукидид өзінің "Истории" еңбегінде жүйелі, толық етіп суреттейді. Ол ежелгі Грецияның құлиеленуші қоғамындағы негізгі себебі оның облыстарының біркелкі дамымауымен байланысты ішкі шиеленістер топталуымен қиратылды. Тек бір ғана соғыс емес, екі - Архидамдар (б.э.д. 431-421 жж.) және Декелей (б.э.д. 413-404 жж.) соғысы болғанын есепке алған дұрыс. Бірінші соғыстың нәтижесінде Афины өзінің одақтастары мен теңіздегі құдіреттілігін сақтап қалды. Алайда, қақтығысқа әкелген себептер жойылған жоқ, және жаңа қақтығыстар да болмай қалған жоқ.

Пелопоннесс соғысы- бұл екі үлкен грек мемлекеттерінің үлкен топтарының арасындағы -бір жағынан Пелопоннесс Одағының бақарушы Спарта мен екінші жағынан Афины мен олардың теңіз державасының арасында болған соғыс. Соғыс бірқатар экономикалық және әлеуметтік сипаттағы себептермен байланысты болды.

Соғыстың бірінші кезеңі Архидамдық деген атау алды, соғыс Спартаның одақтастары-фивалықтардың б.э.д. 431 ж. платейлерге шабуылынан және спарталық патша Архидамның Аттикаға басып кіруімен басталды. Б.э.д. 421 ж. келісімінің нәтижесінде Афины мен Спарта негізгі шарты соғысқа дейінгі жағдайды қалпына келтіру болып табылатын Никиев бейбітшілігі деп аталатын келісімге қол қойды.

Соғыстың қайта жандануы, Сицилияға жорық. Афинылықтар Сицилияда талқандалып жеңіліске ұшырады. Афины Одағы ыдырай бастады. Б.э.д. 411 ж. гетерия деп аталатын ұйымдасқан олигархтардың (бірлестік) белсенді қызметі Афиныдағы саяси өзгеріске алып келді. Оның мәні билік ерекше «төртжүздік кеңесіне» берілді. Афиныдағы олигархтар Спартамен келісімге келе алмай, тізе бүгуге дайындала бастады.

Б.э.д. 404 ж. жасалған келісім афинылықтар үшін өте ауыр болды: афинылық Одақ таратылды, афинылықтарға 12 күзеттік кемені қоспағанда, флот иеленуге рұқсат етілмеді және Пирейді нығайту қиратылды. Және Спартамен оның гегемониясын мойындап, одаққа кіруі міндетті болды. Афины теңіз державасының жеңілуінің негізгі себептері, оның басқа грек қалаларын қанауынан көруге болады. Оның үстіне Афины қарсыластарына Парсы державасы тарапынан материалдық көмек берілді. Пелопонесс соғысында Афинының жеңілуі грек полистерінің өрлеу кезеңін аяқтайды. Әйтсе де Афины жалпыгрек саясатының жетекшілігі рөлін қанша рет алуға тырысса да, олар өзінің айналасына көптеген мемлекеттерді біріктіріп б.э.д. V ғасырдағыдай саяси күдіреттілікке қол жеткізе алмады. Афинымен ұзақ мерзімді күрестен кейін жеңіп шыққан Спарта бұдан көбірек ұтты. Ол Грецияда өзінің гегемониясын сақтай аламады, оның одақтастарына, олар үшін экономикалық пайдасы тиімсіз, үндеулері, көп кешікпей Спартаның бұрынғы жолын қуушыларды бездірді. Әскери жетістіктердің ықпалымен, армияның ұзақ уақыт Спартаның сырт жағында болуы және табиғи экономикалық дамуын спарталық тәртіптер бұзады, “тең қауым” ыдырайды. Одан кейінгі оқиғалар Афинының экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылысының өміршеңдігін көрсетті, Афины Спартадағы “отыз” тирандарға қарсы тұрып, спарталық гарнизонның кетуі мен демократиялық құрылымды қайта қалпына келтіруге қол жеткізді.

Әдебиеттер:

1. Фукидид. История. - М., 1981.
2. Плутарх. Сравнительные жизнеописания, в 3-х томах. - М., 1961.
3. Геродот. История/Пер. Г.А. Стратановского. - М., 1970.
4. История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. - М., 1988.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Соғыстың қайта жандануы мен Сицилияға жорықтың себептері қандай? Соғыстың соңғы жылдарын сипаттаңдар?

№19 Дәріс. (1 с. 10 апта.)

Б.э.д. V-IV ғғ. Македония.

Мақсаты: парсыларға қарсы соғыстың алғышарттарын ашу.

Негізгі сөздер: Парсы империясы, II Филипп, Коринф конгресі, Кіші Азия.

1. Парсы мемлекетіне қарсы жорыққа дайындық.
- 2 (б.э.д. 359-336 жж.) II Филипп және оның сыртқы, ішкі саясаты.
3. Парсыларға қарсы жорыққа дайындалу.

Грецияның солтүстігінен Балқан жартыаралына қарай өте ертеден шығу тегі фракиялық тайпалар қоныстанған, Македония орналасқан. Македондықтар негізінен мал шаруашылығымен, әсіресе жылқы шаруашылығымен айналысты. Екіншілік екінші дәрежедегі мәнге ие болды және жазықтықтарда ғана дамыды. Құлдық әлі кең өріс алып дами қойған жоқ еді. Шаруашылық натуралдық сипатта болды, ал армия халық жасағы сипатын сақтап қалды. Македониядағы ішкі қайшылықтар грек полистарындағы сияқты шиеленісті болған жоқ, және басқа сипатта болды (патшаның орталықтандыруға қарсы ескі ақсүйектермен күресі). Патша билігі ақсүйектер кеңесімен шектелді (гетерлер-жолдастар); жауынгерлер жиналысы әскери мәселелерді, өлім жазасына тартылатын тәртіпсіздіктерді, тіпті таққа отыру мұрагерлігі туралы мәселелерді талқылады. Македонияда әскери демократияның элементтері сақталып қалды.

Македондықтардың этникалық шығу туралы мәселе даулы болып табылады. Антикалық авторлар (Геродот, Фукидид) македондықтарды варварлар деп санайды. Македон тілі грек тілінен айтарлықтай айырмашылығы бар. Алайда б.э.д. V ғ. Македонияны эллинденуі басталады. Басқарушы жетекшілік грек мәдениетіне қосылуға тырысты; грек тілі меңгеріледі, македондық патшалар өздерінің сарайларына грек ақындары мен драматургтерін шақырды. II Филипп өзінің мұрагері Александр үшін Аристотельді тәрбиеші ретінде шақырды.

Б.э.д. I ғ. ортасынан Грецияның саяси өмірінде Балқан жартыаралының солтүстігінде орналасқан Македония үлкен рөл ойнай бастады. II Филипп билігі жылдарында (б.э.д. 359-336 жж.) Македония Балқан жартыаралындағы ең ірі, күшті мемлекетке айналады.

Аристократиялық кеңес-геттер кеңесі мен халық жиналысы біржолата патша билігіне бағынады. II Филипп тұсында бірқатар реформалар өткізілді, оның ішінді әскери реформа маңызды болды.

II Филипп тұсындағы Македонияның гүлденуі Грециядағы қалыптасқан жағдаймен жеңілдей түсті. Филипп жүргізген реформалар үлкен мәнге ие болды. Ақсүйектердің ықпалы әлсіреуімен II Филипп македон армиясын дербес әрекет ететін әскердің әртүрлі бірліктерін біріктіріп (жаяу әскер, атты әскер, саперлік бөліктер) қайта құрады, қиғаш саптың жаңа тактикасын қолданады (соғысқа кірісердегі жұдырықты ұсынады), жеңіс орнында трофей салу тәжірибесінен бас тартып (трофей-дұшпандардан басып алынған қару-жарақтан орнатылған құрылыс), оған қарсыласын толық жойғанға дейін ізін аңдуды артық санайды.

Филипп өзінің теңіз жағалауын нығайтуға тырысады. Оның Фракияға кіруі Афинымен қақтығысқа алып келеді. Филипп қарудың, параға сатып алудың және дипломатияның көмегімен өзінің иелігін кеңейтеді, және Македония көп кешікпей Балқан жартыаралындағы шешуші күшке айналады.

Грециядағы македондық және антимакедондық «партиялардың» күресі мәні жағынан демократиялық және антидемократиялық күштердің күресі жалғаса берді. Халықтың ауқатты топтары демос тарапынан олардың меншігіне қол сұғушылықтан қауіптеніп, Македониядан өздерінің мүдделерін қамтамасыз етуге қабілетті күшті көрді. Кейбіреулер (мысалы, шешен Исократ) Грецияны азаптаған карама-қайшылықты Македонияның көмегімен Парсылардың кішіазиялық иеліктерін жаулап алып шешуге болады, деп ойлады.

Грек әлемі Македонияға қарсы күресте өзін қорғай алмады. Саяси қайраткер және шешен Демосфен басқаратын, оның қарсыластары ауыр жағдайдағы іс үшін күресті. Бірақ, олар Македония жеңісі демос табысын жоятынын түсіне тырып, демократиялық еркіндікті жан аямай қорғауға тырысты.

Филипп, «Қасиетті соғысты» пайдалана отырып, орта Грециядағы дельфия шіркеуін күшейтіп, маңызды стратегиялық позицияларды басып алды, оның басқыншылық мақсаттары айқын болған кезде, (б.э.д. 338 ж.) үлкен антимакедондық коалиция құрылды, ол кейін Херонне тұсындағы соғыста талқандалды.

Б.э.д. 337 ж. Коринфте II Филипптің қысымымен барлық грек қала-мемлекеттерінің конгресі болып, шешімдер жинағын қабылдады: 1) жалпыға ортақ бейбітшілікті орнату мен грекарсындағы соғыстарға тиым салу; 2) барлық эллиндік мемлекеттердің тәуелсіздігін заңға сәйкес жариялау; барлық полистердің құқығы теңесті; 3) жерді бөлуге және саяси мақсаттарда құлдарды пайдалануға тиым салу; 4) панэлландық кеңес -симмахияны құру. Шындығында одақтың жетекшісі және гректердің біріккен күштерінің бас қолбасшысы, осының барлығында ол Грецияның патшасы не билеушісі болмаса да Филипп болды, ал Македония одақ құрамына кірмеді. Б.э.д. 337 жылды әдетте, Греция тәуелсіздігінің жойылу уақыты деп қарастырылады.

Біріккен грек-македон әскери күштерін құру Исократтың: «Соғысты Парсыларға көшіру парсы алтыны - Грецияға» деген ұранмен өтті. Б.э.д. 336 ж. II Филипп өлтірілді. Армия бас қолбасшысыз қалды. Келесі екі жылдық кезең оның 20-жасар ұлы III Александрдың (Македонский) билігін нығайту уақыты болды, оның билік жүргізу уақыты б.э.д. 336-323 жж.

Грецияны бағындырғаннан кейін Филипп Македонский, Македонияның Эгей теңізіндегі үстемдігіне парсылар қауіп төндірген шығысқа назар аударды. Б.э.д. 337 ж. Коринфтік конгресс пен Парсыларға қарсы күресу үшін жалпыгрек одағы құрылды. Парсыларға қарсы жорыққа дайындық басталды. Б.э.д. 336 ж. ол Кіші Азияға Дарданелла арқылы платцдармды басып алу үшін, тәжірибелі қолбасшы Парменионды жіберді. Бірақ б.э.д. 336 дәл осы жылы Филипп астыртын әрекет жасаушылармен өлтірілді, ал македон тағы оның жиырма жасар ұлы-Александрға өтті. Филипп өлімі оның құрған коалициясының осалдығын көрсетті және грек полистерінің арасында (Афиныда, Беотияда, Фессалияда,

Пелопонесте) антимакедондық көңіл-күйді жандандырды.

Әдебиеттер:

1. Цибукидис Д.И. Древняя Греция и восток. М., 1981.
2. Шахермайер А. Александр Македонский. М., 1986.
3. История Европы. В 8-т. Древняя Европа. М., 1988, т.1.
4. Дройзен И.Г. История эллинизма. Т. I М., 1990
5. Тарн В. Эллинистическая цивилизация. М., 1949
6. Эллинизм: Восток и Запад / Под ред. Е.С. Голубцовой. М., 1992.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: II Филипптің ішкі және сыртқы саясатын сипаттаңдар. II Филипптің өлімінен кейінгі антимакедондық көңіл-күй немен себептеледі?

№20 Дәріс. (1 с. 10 апта.)

Александр Македонскийдың жаулап алушылығы.

Мақсаты: А. Македонский жаулап алушылығының барысы мен оның жаулап алушылығының тарихи мәнін ашу.

Негізгі сөздер: Парсы империясы, сатрапия, II Филипп, Персеполь, таланты, диадохы.

Сұрақтар:

1. Александрдың жеке өмірі мен қызметі.
2. А.Македонский державасының пайда болуы.
3. Александрдың монархиясының тарихи мәні.

Б.э.д. IV ғ. ортасында Парсы империясы Грецияның ең қауіпті қарсыласы болды. Греция мен Македонияда шығыс жорықтарына әскери-саяси дайындық II Филип тұсында басталып, (б.э.д. 356-323 жж.) Александрмен жалғастырылды. Александр Аристотельдің шәкірті, жастайынан өте жақсы білім алып, өзін талантты әскер басшы, мемлекеттік қайраткер ретінде көрсетті. Алайда, Плутархтың пікірі бойынша, ол ұстазы үйреткендерге керісінше әрекет етті.

Парсы державасын жаулап алу мен үлкен державаның құрылуы Александрдың Геллеспонға барған кезінде 334 ж. көктемінде басталды. Австриялық тарихшы А. Шахермайер, Александрдың барлық армиясы 40 мың адам шамасында болып саналады, алғашқы шайқас Ақ теңізге құятын, Граник шағын өзенінің жағалауында болды, деп санайды. Келесі бір ірі шайқас Иссе қ. 333 жылы күзде болып, Александрдың жеңісімен аяқталды. Шешуші шайқас б.э.д. 331 жылы Ахеменидтер державасының құлауына алып келген Гавгамелада болды. Александр оны біріктіру үшін экономикалық және әлеуметтік-саяси шараларды қабылдады. Жаңа, македондық-парсылық державаның құрылуы құрметіне Александрдың мен оның әскер басшыларының бағындырған халықтың әйелдерімен үйлену тойлары мерекеленіп, атап өтілді. Бұл мәні жағынан саяси актілер, бірақ кейбір зерттеушілер (В. Тарн, Робинсон, П. Клоше және т.б.) Александр «жалпыға ортақ туыстық идеясын» «халықтарды араластыру» жолымен жүзеге асыруға ұмтылысы ретінде қарастырады. 323 жылдың көктеміне қарай Александр ауырып, 10 маусымда Вавилонда қайтыс болды. А. Македонскийдің он жылдық мерзімінде Египеттен Инд жағалауына дейін, Қара теңізден солтүстігінде Парсы шығанағынан оңтүстігіне дейін созылып жатқан орасан зор мемлекет құрды. Оның жаулап алушылығының тарихи мәні эллинизмнің пайда болуында -мәдениеттің гректік және таяушығыстық элементтерінің бір біріне сіңірілуі болды. .

Александрдың жорықтары, оның жаулап алушылығының нәтижелері оқулық және ұсынылған әдебиеттерде жеткілікті толығымен түсіндіріледі. Александрдың Шығысқа қарай жылжуындағы ақырындап жүру саясатының эволюциясы және бұған грек-македон қоршауының қатынасына ерекше назар аударуға болады. Александрдың сарайда шығыс әдет-ғұрыптарын енгізуі, билеушілерді аса дәріптеуге әдеттенген, бағынушы халықтардың арасында өзінің позициясын нығайту үшін, ойланып істелген, мақсатқа бағытталған саясат болды. Александр өзіне жергілікті ақсүйектер мен қалаларды тірек етуге тырысты. Александр жорықтарының басында алдағы әрекеттерінің анық жоспары болған жоқ, бірақ оның және серіктерінің жаулап алушылық процесінде бірқатар маңызды әкімшілік және экономикалық шаралар жүзеге

асырылып, ақырында эллиндік билеушілермен жалғастырылып, нығайтылды. Антикалық және батыс тарихнамасында Александр образын жеңістері замандастарына таң қалдырушы әсер қалдыратын етіп дәріптеуге бейім. Оған болашақ эллин эпохасын саналы түрде біліп қойғандай, эллиндер мен шығыс халықтарын араластырып біртұтас халық ету жоспарын қосады. Александрдың қайырымдылығы мен кең пейілділігі дәріптелді. Сондықтан жаулап алушылардың жауыздығы, басып алынған облыстардың талқандалуы, жаппай халықты езіп-жаншуы айтылмай қалады. Александрдың талантты қолбасшы, өте жақсы ұйымдастырушы, ақылды мемлекеттік қайраткер болғандығы сөзсіз, оның беделі шындығында үлкен болды.

Алайда македон жаулап алушысының керемет жеңістері оның жеке қасиеттерімен емес, Парсы державасының ішкі жанжалдан әлсіреп, айтарлықтай қарсылық көрсете алмауымен анықталды. Грек әлемі терең әлеуметтік-саяси дағдарыс жағдайын басынан кешірді. Македондық жаулап алушылық саяси және идеологиялық дайындалған еді, ал Александр тек құлиеленуші Грецияның идеологтарының ұйымдастырған, қойылған міндеттерін жүзеге асырды. Александр жаулап алушылығының нәтижелерін, әрине ешкім де алдын ала оның масштабын, кейінгі даму мағынасын көре алған жоқ. Александр державасының құлауы оның пайда болуы сияқты соншалықты заңды еді, бірақ бұрынғы тәртіптерге қайта оралу мүмкін емес еді. Тарих сахнасына Грецияның классикалық полистерінен, ежелгішығыс монархиясынан ерекшеленетін эллиндік мемлекеттер шығады.

Әдебиеттер:

1. Цибукдис Д.И. Древняя Греция и Восток. М., 1981.
2. Шахермайер А. Александр Македонский. М., 1986.
3. История Европы. В 8-т. Древняя Европа. М., 1988, т.1.
4. Арриан. Поход Александра. / Пер. М.Е. Сергеенко. М., 1993.
5. Плутарх. Избранные жизнеописания. Александр. В 2-х т. М., 1987. т.1.
6. Маринович Л.П. Греки и Александр Македонский М., 1993
7. Ранович А.Б. Эллинизм и его историческая роль, М-Л., 1950

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Александрдың шығыс саясатының мәні неде? А. Македонский державасының құлауы немен себептеледі?

Х БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ РИМ ТАРИХЫ.

№21 Дәріс. (1 с. 11 апта.)

Деректер мен тарихнама

Мақсаты: Ежелгі Рим тарихы бойынша деректерге және Рим тарихнамасының дамуына сипаттама беру.

Негізгі сөздер: археологиялық деректер, нумизматика, эпиграфика, Анналдар, тарихнама.

Сұрақтар:

1. Тарихи шығармалар.
2. Рим тарихнамасының пайда болуы мен дамуы, оның негізгі ерекшеліктері.
3. Археологиялық материалдар.

Тарихи шығармалар. Рим тарихнамасының пайда болуы мен дамуы шамамен б.э.д. II ғ. жатады, оның негізгі ерекшеліктері, римдіктер үшін туған қаласы мен рим халқының тарихына үлкен қызығушылық танытты. Фастылар мен анналдар — кейінгі авторлардың шығармаларында үзінділері кездесетін, Рим тарихы бойынша негізгі рим деректері. Археологиялық материалдар. Эпиграфика — кейінгі республика мен империя тарихы үшін құнды дерек. Нумизматика — нумизматикалық топография, т.б. табылған рим монеталары мен қоймаларының картасын құрастыру, олардың таралу аумағын анықтауға мүмкіндік береді. Көркем әдебиет шығармалары. Публицистика. Арнайы еңбектер мен трактаттар. XIV-XVII ғғ. материалдық және жазбаша ескерткіштерді жинақтау.

Рим дәстүрінің сынының бастамасы - Вико, де Бофор. Г.Нибурдың ғылыми қызметі мен ғылыми тарихнаманың басталуы. XIX ғ. рим тарихын оқып зерттеу. XIX және XX ғғ. аралығындағы шетел тарихнамасының методологиялық негіздері. XX ғ. шетел

тарихнамасының дамуындағы жаңа тенденциялар. Ежелгі Римнің кеңестік тарихнамасы. Қазақстандық тарихнама. К.П.Коржева. Қ.Т. Жұмағұловтың Рим және «варварлар» түсіндіруі.

Әдебиеттер:

1. История древнего Рима.-М.,1991;
2. История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
3. Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар:

Рим тарихының қазақстандық тарихнамасының дамуын сипаттандар. XX ғ. шетел тарихнамасының дамуындағы жаңа тенденцияларды сипаттандар.

№22 Дәріс. (1 с. 11 апта.)

Б.э.д. VIII - III ғғ. Рим тарихы.

Мақсаты: Б.э.д. VIII - III ғғ. Рим тарихындағы негізгі оқиғаларды көрсету.

Негізгі сөздер: Рим, клиенттер, патрондар, Сервий Тулий, XII кесте.

Сұрақтар:

1. Патшалық кезеңдегі Рим.
2. Сервий Туллийдің реформасы.
3. Б.э.д. V-III ғғ. Ерте Рим империясы.
4. Римнің Италияны жаулап алуы.

Италиядағы (б.э.д. VIII-VI ғғ.) ерте құлиеленушілік қоғам мен мемлекет. Апеннин жартыаралының халқы туралы мәселесі күрделі. Ол жерде ұзақ уақыт бойы әртүрлі халықтар — галлдар, италиктер (латындар, сабиндар, самниттер, вольскілер, умбрлар, пицендер) этрускілер, гректер, лукандар, сикулдар және т.б. өмір сүрді. Егер мұнда қоныстану уақыты жағынан италиктер (б.э.д. II мж.), гректер (б.э.д. VIII ғ. бастап), галлдар (б.э.д. VI ғасыр), ғылымда олардың этникалық және тілдік жағынан шығу тиістілігіне талас жоқ, осы уақытқа дейін этрускілер ғана жұмбақ болып келеді. Бірнеше жүзжылдықтар бойы (б.э.д. VIII - VI ғғ.) олар Италияда жетекші рөл ойнады, олардың көршілеріне қарағанда, жоғары мәдениетті таратушылар болды. Этрускілік мәдениеттің заттай көптеген ескерткіштері сақталды, олардың қалалары, храмдары, молалары қазылды.

Рим — Италиядағы мемлекеттің қалыптасу орталықтарының бірі. «Патшалық кезеңде» сенаттың құрылуы, халықты курияларға бөлу және бірқатар абыздық қызметтің, діни күнтізбенің, рим әскерін ұйымдастырудың қағидаларының пайда болып, келіп шыққандығы белгілі. Жоғарғы билеушілерге әскери, абыздық және соттық қызметтер жатты. Оның билігі өмірлік болды, бірақ, сірә мұрагерлік болмады және сенатпен, қандай да бір өлшемде халық жиналысымен (комициямен) шектеліп отырды. Осы уақытта патрицийлер мен плебейлерге бөлу қолданылды. Плебейлер патрицийлерден өзінің құқықтық жағдайымен ерекшеленді, қоғамдық және саяси өмірге қатыса алмады.

Рим қоғамында клиенттер мен патрондарға бөлу, плебейлер мен патрицийлерге бөлумен қатар қолданылды. Клиенттер-халықтың кедей топтарының өкілдері. Олар ауқатты адамдарға тәуелді болды, мүмкін, олардың жерлерінде тұрды, көмек алды, осы үшін оларды қолдауға міндетті болды (бірлесіп жорыққа шығу, әртүрлі құрмет көрсетті және т.б.). Клиенттердің арасында патрицийлер мазасын кетірген, азат етілген плебейлер де болуы мүмкін еді.

Реформалар бағыты, дегенмен, ежелгі еркіндікке берілуші «әке-сенаторлардың» наразылығын тудырды. Олардың арасында астыртын іс ойластырылып, олар Сервий Тулийді өлтірді. Оның күйеу баласы және ізін басушы Тарквиний Гордый реформалар саясатын жалғастырып, тіпті сенатты жаңа адамдармен толықтырды.

Б.э.д. 509 ж. Юний Брот бастаған «еркіндік жақтаушылары» көтеріліс жасап, Тарквиний Гордыйды тақтан құлатты. Билік сенатқа көшті. Патшаға көмекке асыққан

этрускилер отряды талқандалып, Римнен кейін шегінді. Сөйтіп, Рим тарихында б.э.д. 509 жылы Рим Сенатты республикаға айналды.

Ерте республика кезеңі екі маңызды процесспен сипатталады: бұл уақыт патрицийлер мен плебейлердің сословиелік күресі барысында рим қоғамы мен оның саяси жүйесінің әлеуметтік-саяси негізі құрылды, және Рим Италияны жаулап алуы, оған соңында Жерорта теңізінің қожайыны болуға мүмкіндік берді.

Рим республикасының тарихының осы кезеңін оқу үшін біз құжаттық мұраларға сүйенеміз: XII кесте заңдары (цитата және өз сөзімен айту түрінде белгіл). Олар б.э.д. V ғ. ортасындағы рим қоғамының шаруашылық және әлеуметтік құрылысы туралы түсінікті береді.

Плебейлердің патрицийлермен құқығын теңестіру үшін күресі, Римнің басқа қалалармен және Италия халықтарымен үздіксіз соғысу жағдайында болып, олардың толық жеңісімен аяқталды. Б.э.д. IV ғасырдағы галлдар басқыншылығы Римнің өзін қиратумен және оның төңірегін тонаумен қабаттаса болып, тек аз уақытқа ғана римдік экспансияны тоқтатты. Римнің Оңтүстік Италияға енуі, Тарентамен соғысы, атақты қолбасшы Пиррмен қақтығысы Римнің әскери, саяси және әлеуметтік ұйымының артықшылығын көрнекі етіп көрсетті.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Рима.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
- 3.Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Сервий Тулийдің реформаларының мәні неден тұрады? Рим қоғамының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді сипаттаңдар.

XI БӨЛІМ. Б.Э.Д. III-І ҒҒ. КЕЙІНГІ РЕСПУБЛИКА ТАРИХЫ.

№23 Дәріс. (1 с. 12 апта.)

Римнің Карфагенмен Батыс Жерортатеңіздегі үстемдік үшін күресі. Римнің Батыс Жерортатеңізіндегі экспансиясы.

Мақсаты: пуни соғыстарының негізгі себептері мен этаптарын көрсету.

Негізгі сөздер: пундар, Ганнибал, Үлкен Катон, Кунктатор, Карфаген.

Жоспар:

1. Римнің Карфагенмен соғысының себептері.
2. I Пуни соғысы
3. II Пуни соғысы
4. III Пуни соғысы
5. Рим державасы жерортатеңіздік құлиеленуші қоғамның орталығы ретінде.

Пуни соғысы — бұл Римнің Карфагенмен соғысы (*пундар* - карфагендіктер). Римнің көзқарасынан Карфаген теңіздегі саудада әділеттілікті бұзушы болды. Карфагеннің теократиялық олигархиясы Батыс Жерортатеңізіндегі барлық теңіз саудасын бақылады. Карфагендіктер Сардиниядан батысқа қарай баратын барлық кемелерді батырып, тонады. Бұл оларға үлкен ақша және жалдамалылар армиясын ұстауға мүмкіндік берді.

Тарента алынғанға дейін Рим мен Карфаген достық қарым-қатынаста болды, жалпы жауларына қарсы бірігіп күресті. Мысалы, б.э.д. 279 жылы, олар Пиррға қарсы бірлесіп күресу туралы келісім шартқа қол қойды. Олардың қарым-қатынастарының негізі өздерінің мүдделері жолына араласпау принципі болды. Рим Италияға ешкім де орнықтырмады; Карфаген Батыс Жерортатеңізіне ешкімді де жібермеді. Бірақ Карфагеннің гректерді талқандап, бүкіл Сицилияны өзіне бағындыруға деген ұмтылысы қақтығысқа алып келді.

Б.э.д. 289 ж. сиракуз диктаторы Агофокл өлімінен кейін оның италийлік жалдамалылары Мессин қ. орын тепті. Олар өздерін Марстың ұлдары, *мамertiцали* деп атады. 265 жылы сиракуз тираны оларды талқандады, олардың бірі көмек сұрап -

Карфагенге, екіншісі — Римге барды. Осындай негіздегі қақтығыс Пуни соғыстарының басталуына себеп болды.

Үш Пуни соғысы болды. 1-ші Пуни соғысы (б.э.д. 264-241 жж.) Рим үшін өте ауыр болды. Күрес құры жерде де теңізде де болып жатты. Ол кезде Рим алғашқы ірі әскери флотын құрып, 1-ші соғыс «теңбе-тең болумен» аяқталды. Рим Сицилияда алдыңғы шептің негізін қалады.

Б.э.д. 218-201 жж. 2-ші Пуни соғысы болып, Сципион мен Ганнибал бақталас болып күресті. Ганнибал Испаниядағы тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаған, карфагендік жетекшілердің бірінің мұрагері болды. Одан кейін ол бүкіл карфаген армиясына командирлік істі атқаруды алды. Ганнибалдың 80 мың адам жаяу әскерден, 12 мың салт аттылардан және 37 пілден құралған үлкен армиясы Альпі арқылы Италияға аттанды. Б.э.д. 218 ж. Тразимен көлінде шайқас болып, оның барысында **Ганнибал** римдіктерді басып озып, оларды талқандады. Б.э.д. 216 ж. Канндағы шайқаста Ганнибал саны жағынан екі есе асып түсетін қарсыласын (80 мың римдік жаяу әскері Ганнибалдың 40 мың жаяу әскеріне қарсы) айламен қоршап алып, талқандады. Сөйтіп, 50 мың римдік, 6 мың карфагендіктер қырылды.

Алайда Ганнибал армиясы Карфагеннен нығайту үміттері сияқты біртіндеп әлсірей бастады. Ганнибал Италияда базасыз қалды. Карфаген оның тирандық қылықтарынан қорқып, теңізде оған ерекше көмек көрсетпеді. Римдіктер шайқастардан қаша отырып, жемшөпшілерге тап беріп, қурап қалған жерлерде тактика өткізіп, Ганнибалға қарсы партизан соғысын бастады. Оны «Кунктатор» («бәсеңдетуші») деген атақ алған, диктатор Квинт Фибий Максим басқарды. Ешбір шайқаста да жеңілмей, Ганнибал қалған армиясымен Африкаға кетті.

Римнің Карфагенмен күресінде Корнелий тұқымының өкілдері үлкен рөл ойнады. Африкандық Публия Корнелий Сципионның командирлік жасауымен рим әскерлері Испанияға жылжыды және б.э.д. 209 жылы Жаңа Карфаген бекінісін алды. Испанияға орналасып алып, б.э.д. 202 ж. Карфаген қабырғасынан Африкаға түсті. Бұл жерде Замда шайқас болып, Ганнибал өмірінде алғашқы және соңғы рет жеңіліске ұшырады. Ол Македонияға қашып, шығыста қаза тапты.

Карфаген Римнің көз алдында сүйелдей болып қалды. Оның қайта өрлеуі қауіп төндірді. Мына бір тарихи фраза сенаттың көшбасшыларының бірі Марк Порция (Үлкен) Катонға тиісті: «Дегенмен, мен Карфагеннің қиратылуы тиіс деп ойлаймын». 3-ші, шешуші, Пуни соғысында (б.э.д. 149-146 жж.) Африкандық Сципионның асырап алған немересі Сципион Эмилиан б.э.д. 146 жылы батыл шабуылмен Карфагенді алды. Сенат қаланы жоюға шешім қабылдады. Карфаген 16 күн өртеніп, жанды. Оның айналасы соқамен айдалып, бұл жерге қарғыс айтылды. Ол жерге қоныстануға тиым салынды. Кейінірек Юлий Цезарь қарғысты алып, 698 жылы арабтармен талқандалған Римдік Карфагеннің негізін қалады.

Осы кезеңде Карфагенмен қатар Иллириямен және үш Македон соғыстарын жүргізді. Нәтижесінде ол солтүстікафрикалық жағалаулар мен Солтүстік Грецияның үстінен бақылау орнатты. Афины, Спарта және Дельфы еркін болып қалды.

Пуни соғыстарының барысында Рим провинцияларға ие болды. Б.э.д. 241 жылы алғашқы Рим провинциясы Сицилия, кейінірек — Сардиния мен Корсика болды. Провинцияның тұрғындары Римге қол астында болды және оған салық төлеуге міндетті болды. Б.э.д. 225-218 жж. Цизальпиндік Галлияның кельттері талқандалды, ал 2-ші Пуни соғысы барысында Оңтүстік Испания жаулап алынды. Бұл жерлер де рим провинциялары болды. Б.э.д. 140 ж. қарай олардың саны тоғызға дейін өсті. Рим басқаруын еш жөнге сала алмай жүрген провинцияларға байланысты нығайтуды қажет етті. Провинцияларды Рим тағайындағын проконсул (кейін, б.э.д. 81 жылдан бастап-пропретор) өзінің көмекшілерімен бірге басқарды; ол басқыншы жауынгерлерге командирлік жасады. Мемлекеттік аппарат болмады, ал провинция толығымен проконсул билігінде болды.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Рима.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. —М.,1988.

3. Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.

4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.

5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Рим үшін Пуни соғыстарының мәні неде? Ганнибалдың қолбасшылық қасиеттерін сипаттаңдар.

№24 Дәріс. (1 с. 12 апта.)

Б.э.д. II - I ғ. басындағы Римнің ішкі тарихы.

Мақсаты: б.э.д. II -ші I ғ. басындағы рим тарихының ерекшеліктерін түсіндіру.

Негізгі сөздер: Тиберий мен Гай Грахтар, қайта құру, реформалар, Югуртин соғысы, Гай Марий.

Жоспар:

1. Б.э.д. II ғ. ортасындағы саяси күрес. Ағайынды Грахтардың реформалары.

2. Югуртин соғысы.

3. Гай Марийдің әскери-саяси реформалары.

4. Одақтық соғыс.

Б.э.д. 146 ж. Карфагеннің құлаған уақытынан бастап Римде азамат соғысының эпохасы басталды. Ол шамамен б.э.д. 31 ж. дейін, Август *принципатына* дейін жүрді. Бұл эпоханың мәні, Римнің ішіндегі әртүрлі күштер рим қоғамын қайта құруды талап етті, ал соғыстың себептері рим азаматтарының кең өріс алған теңсіздігі мен армияның әсіреуінде болды. .

Қайта құруды (аграрлық реформаны) әкесүйек нәсілінің өкілдері — ағайынды Тиберий мен Гай Грахтар бастады. Б.э.д. 133 ж. Тиберий халық трибуны болып сайланып, қоғамдағы теңдікті қалпына келтіруге шақыратын, аграрлық заңды қабылдауды ұсынды. Сенаторлардан, салт аттылардан, публикандардан артық жерлер алынып, жері жоқ рим азаматтарына бөліп беру көзделді. Мұндай заң б.э.д. 133 жылы қабылданды. Бірақ заңға наразы ірі жериеленушілердің қысымымен, екінші трибун Марк Октавий оған вето қойды. Онымен ол рим конституциясын бұзуға барды, Тиберий Грах тұңғыш рет қызметтен трибунды шеттеткен комицияны жинады.

Б.э.д. 133 ж, Тиберий Грах екінші рет халық трибунына өзін ұсынды. Және сол жерде қақтығыстар мен балағаттаулар басталды. Сенаторлар сенат отырысынан тікелей халық жиналысы болып жатқан алаңға аттанды. Олар скамейкаларды алып, онымен Тиберийдің жақтастарын ұруға кірісті. Қақтығыста еркіндіктің ызаланған жанкүйерлері Тиберий Грах пен оның 300 жолын қуушыларды өлтірді.

Осыдан кейін күрес жерді бөлумен күшейді. Б.э.д. 123-122 жж. халық трибуны Гай Грах болды. Ол өзінің үлкен ағасы Тиберийдің аграрлық заңын қайта қалпына келтіріп, реформа жүргізді. 80 мың римдіктер өздерінің заңды жерлерін алды. Бірақ аграрлық реформаны жүргізудің теріс жақтары да болды. Біріншіден, жер тапшылығы Гайды Африка жеріне, оның ішінде Карфаген жеріне назар аудартуға мәжбүр етті. Жер мәселесін Африкада отарлардың негізінде шешу әрекеті сенаттың қарсы әрекетіне тап болып, іс қайтадан асықтырылып жіберілді. Екіншіден, көптеген рим кедейлері бұдан былай отарлардан жер алуға асықпады және одан бас тартты.

Наразылықты бейтараптандыру үшін Гай Грах нанның бағасын төмендету туралы заң қабылдайды. Одан бөлек, Грах рим азаматтарына театр мен ойын-сауықтарға тегін баруды енгізіп, сөйтіп «нан мен ойын-сауық» дәстүрінің негізін салды. Б.э.д. 122 ж. Гай Грах италиктерге қайтадан рим азаматы деген статусты беруді ұсынды. Сол кезде ызалы плебс Грахты өлтірді. Римдегі азамат соғысы эпохасының бірінші бөлігі осылай аяқталды.

Аграрлық реформа халықты саясатқа тартты. Және онда әртүрлі бағыттар болды. Екі саяси партия пайда болды: оптиматтар партиясы («ең жақсы», т.с. нобилей) мен даңқтылар партиясы («халықтық», т.с. демократтар), олардың арасында саяси күрес болды. Римдіктер Солтүстік Африканы иеленген кезде бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырды. Патша Нумидия Югурта римдіктерге қарсы соғысты бастады. Циртада римдіктер мен италиктер қырып жойылды. Даңқтылар сенатты әрекетсіздігі мен паракорлығы үшін айыптады және

Римді алты жылға созылған (б.э.д.111-105 жж.) соғысты жариялауға мәжбүр етті. Бұл Югуртин соғысы Рим үшін ауыр өтті. Онымен партиялар күресінің жаңадан шиеленісуі байланысты болды.

Соғыс Рим империясының тек саяси ғана емес, әскери жүйесінің де дағдарысын айқындады. Соғыс барысы мен армиядағы тәртіптер Гай Марийдің (шамамен б.э.д. 157-86 ж.) әскери реформасымен байланысты өзгерді. Ол қызмет пен барлық магистратураның сатыларынан өткен кәсіби, ержүрек, батыл жауынгер болды. Консул болып сайланғаннан кейін Марий армияны қайтадан құрып, Югуртаны талқандады. Марийдің әскери реформасының мәні, ол кәсіби армияны құрды, т.с. онымен армияны іріктеп сайлау принципі өзгертілді. Югуртин соғысы кезінің өзінде (б.э.д. 105 ж.) рим провинциясының шектеріне герман тайпалары кимврлер мен тевтондар басқыншылық жасады. Одан кейін олардың тобыры галлдардың қолдауымен Прованс арқылы Испанияға жылжыды. Марий армиясы мен германдықтардың арасында екі шайқас болды: б.э.д. 102 ж. Марий тевтондарды талқандады, ал б.э.д. 101 ж. 150 мың тұтқыны алып, кимврлерді қырып жойды.

Оптиматтардың ықпалы б.э.д. 91-88-ші жж. Одақтастық соғысы деп аталатын соғыспен бұзылды. Сенатқа одақтастарына азаматтық құқық беру туралы заң жобасы енгізілгеннен кейінгі сәтсіздіктерден Италия көтеріліс жасады. Римге адалдығын отарлар мен «рим алаңының» қауымдары, этрускілер мен умбрлар сақтады. Самниттер мен марстар («Марсиялық соғыс») көбірек белсенділік танытты. Көп кешікпей соғыс театры бүкіл Италия болды. Рим күндері санаулы ғана болды.

Италиктер Римнен тәуелсіз, дербес саяси ұйым құруға тырысты. Көтерілісті басу өте қиын болды. Б.э.д. 89 ж. сенат италиктерге рим азаматтығын беру туралы заң қабылдады. Одан бөлек, Цизальпиндік Галлия халқына латын азаматтығы құқығы берілді. Бұл соғыстың тоқтауына және толығымен бірқатар өзгерістерге алып келді.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Рима.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
- 3.Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Ағайынды Грахтардың реформаларының мәні неден тұрады? Рим қоғамындағы саяси өзгерістерді сипаттаңдар.

ХІІ БӨЛІМ. РИМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ (Б.Э.Д. 180-30 ЖЖ.) ҚҰЛАУЫ.

№25 Дәріс. (1 с. 13 апта.)

Рим республикасының саяси жүйесіндегі дағдарыс.

Мақсаты: Рим республикасының саяси дағдарысының тереңдеуін көрсету.

Негізгі сөздер: Митридат соғысы, Сулла диктатурасы, Аттал III, Пергам, проскрипциялар.

Жоспар:

- 1.Римнің Митридатпен бірінші соғысы.
2. Римдегі Мариандық төңкеріс. Цинндердің басқаруы.
3. Сулла диктатурасы.
4. Рим республикасының әлеуметтік-саяси дағдарысының тереңдеуі.

Б.э.д. 89-84 жылдар. — Бірінші Митридат соғысы жылдары. Ол понтиялық (қаратеңіздік) патша Митридаттың есімімен және қызыметімен байланысты. Осы кезеңде Римнің Шығыстағы ықпалы тез өсіп, бұл жерде ол еркіндік пен эллинизм жақтаушысы болып алға шықты. Римдіктердің бейбіт енуі (еркіндік пен адамгершілік ұранымен), саяси status quo және Рим мен Шығыс арасындағы қатысты теңдікке VI Митридаттың шақыруымен байланысты қауіп төнді. Ол Рим империясын бұзамын деп корқытты.

VI Митридат, ол VI Марий (б.э.д. 132-63 жж.), атақ құмар және жігерлі билеуші болды. Ол Таяу Шығыста күшті антиримдік мемлекет құруды қалады, Александр Македонский империясының қайта өрлеуі туралы армандады. Митридат өзінің иеліктерінің шекарасын

Понтийлік патшалыққа Колхида, Боспор патшалығы, Тамань, Батыс Қаратеңізді қосып кеңейтті. Одақтастық соғысы уақытында Римнің әлсіздігін пайдаланып, Митридат Римге қарсы шығыс провинцияларда көтеріліс ұйымдастырды. Рим шиеленісті жағдайда болды. Оған Понтиялық және Армян патшалығын талқандауға және Шығыстан қауіпті құрту үшін 15 жыл қажет етілді. Б.э.д. 88 ж. сенат пен комицийлер консулдыққа Корнелий Сулланы сайлады және оған әскерлерге командирлігі істі атқаруды тапсырды. Халық трибуны Сульпиций Руф басқарған даңқтылар партиясы Сулланы командирлік жасаудан шеттетіп, жетекшілікті Марийға берген кезде, Сулла жорыққа белсенді дайындалды. Және сол кезде алғаш рет Рим тарихында Сулла Мәңгілік қалаға легиондарды жылжытты.

Бірінші азаматтық соғыс басталды (б.э.д. 88 ж.). Сулла мариандықтарды (даңқтылармен) тез жеңді. Марий Африкаға қашып кетті, оның жақтастары да қашып тарап кетті. Римдегі тәртіпті қалпына келтіріп, Сулла Шығысқа қарай жылжыды. Ұсақ грек тирандарын тез қырып-жойып, Афиныны алды. Әйтсе де ол солдаттарды «өлгендер үшін тірілерге рақым етуге» шақырып, қалаларды қырып-жоюға жол бермеді. Одан кейін негізгі екі шешуші шайқаста - б.э.д. 86 ж. Херонее мен Орхоменде Сулла Митридат әскерлерін толығымен талқандады, қалғандары Азияға қашып кетті. Б.э.д. 85 ж. Сулла мен Митридат жеке кездесуінде бітім жасады. Ол ымыраластық сипатта болды, бірақ Рим үшін тиімді болды. Б.э.д. 87 ж. Африкадан оралған Марий Этрурияға түсіп, құлдарды да қосып, әскер жинап, өзінің жақтастары Циннамен бірге Римді алды. Суллалықтарға қарсы қуғын-сүргін басталды. Б.э.д. 87 ж. консул болып едәуір солдаттардың қысымымен 70-жастағы Марий (жетінші рет) мен Цинна сайланды. Алайда, көп кешікпей, б.э.д. 86 ж. 13 қаңтарда Марий өлді, ал мариандық диктатураны шын мәнісінде диктатор болған Цинна басқарды. Римдегі әскери диктатураның тәжірибесі осылай болды. Және мариандықтардың беделінің түсуіне алып келді.

Б.э.д. 84 ж. Цинна бүлік шығарушы солдаттармен өлтірілді, және режимнің дағдарысы басталды. Және бұл жерде Римнің қорғаушысы ретінде Сулла алға шықты. Б.э.д. 83 ж. көктемінде ол 40-мыңдық армиясымен Италияның оңтүстігі Брундизияға түсті. Екінші азамат соғысы (б.э.д. 83-82 жж.) басталды. Азамат соғысы барысында Суллаға екі жас генералдар - Гней Помпей и Марк Лициний Красс қосылды. Б.э.д. 82 ж. қарашасында Рим қабырғасының түбінде Сулла шешуші жеңіске жетіп, Римнің қожайыны болды.

Сенат Суллаға мерзімі шектеусіз диктатор өкілеттігін берді (жоғарғы империум), бұл Рим тарихында тұңғыш рет болды. Республиканың құрылысы үшін Сулла Римнің жеке билеушісі болды. Б.э.д. 82-79 жылдар — Сулла диктатурасының жылдары болды. Гракхтар мен мариандықтар енгізген жаңа тәртіптер жойылып, ескі республикалық заңдары қалпына келтірілді. Толығымен алғанда, бұл формасы жағынан ескі республиканы қалпына келтірушілік болды.

Сулла Римді алғаннан кейін билік оптиматтардың қолына өтті. Бүкіл Италия бойынша даңқтылар-мариандықтарды өлтіру мен қуғын-сүргін толқыны болды. Барлық жерлерде жазалаушы отрядтар қызмет етті. Римде *проскрипций* құрастырылды - бұл заңнан тыс жарияланған адамдардың тізімі; оған көрнекті бес мың мариандықтар енгізілген еді. Бұл адамдар сот қорғауынан ажыратылды, олардың мүліктері кәмпескеленіп, аукционда сатылды. Мариандықтарды ұстап берген құлдер, бостандық алды, ал еркін азаматтар-үлкен сыйақы алды. Сулла екі жыл бойы Италиядағы тәртіпті қалпына келтірді. 120 мыңға жуық ардагер-суллалықтар жер алды. Оның офицерлері магистратура мен сенаттан орын алды (олардың саны 600-ге дейін көбейді). Италияға тыныштық алып келген Сулланы «кұдай мен халықтың сүйіктісі» деп атады. Б.э.д. 79 ж. Сулла даңқы мен құдіреті асып тұрған кезде, күтпеген жерден өз бойынан диктатор өкілеттілігін көрсетіп, өзінің атын жойып жіберді (Тарихшыларды адастыратын, факті өте сирек. Бұл оның эпикурлығына байланысты болуы мүмкін.). Бір жылдан кейін, б.э.д. 78 жылы Сулла қаза тапты. Оның ізін басушылар Помпей, Красс және Цезарь болды.

Сулла өлімінен кейін Италиядағы банктік операциялар мен сатып беру үлкен өріс алды. Бұл, жай ғана бай емес, ірі масштабтағы іскерлердің, өте бай отбасылардың пайда болғанын

білдіреді, яғни Цицерон сөзімен айтқанда «халықты несиелейді (кредиттейді), ... және патшаларға қарыз береді». Римдегі үстемдік етуші тап сенаттық сословие мен нобилитет болды. Оның ықпалына *магнаттар* тобы бөлініп шыққан, салт аттылар қарсы болды.

Әдебиеттер:

1. История древнего Рима.-М.,1991;
2. История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
3. Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Сулла диктатурасының мәні неде? Рим республикасының әлеуметтік-саяси дағдарысының тереңдеуін сипаттаңдар.

№26 Дәріс. (1 с. 13 апта.) Әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі.

Мақсаты: Римдегі әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуін көрсету.

Негізгі сөздер: Спартак, Цезарь, Гней Помпей, Марк Красс, триумвират.

Жоспар:

1. Спартак бастаған құлдардың ұлы көтерілісі.
2. 70-ші ж. соңы 60-шы ж. басындағы саяси топтардың күресі.
3. Бірінші триумвират.
4. Б.э.д. 44-30 жж. Азамат соғысы. Рим республикасының құлауы. до н.э.

Күшті қолдардың болмауы Сулла тұсында жан-жаққа қашқан, антиримдік элементтердің басын көтеруге мүмкіндік берді. Б.э.д. 70-ші жылдардағы, қарулы көтеріліс Римді дүр сілкіндірді. Осы уақытта Италияда Спартак бастаған ірі құлдар көтерілісі болды. Капуада (Кампанияда), б.э.д. 74 ж. гладиаторлардың астыртын ісі пайда болды, ол кейіннен ашылды. 70-ке жуық құлдар қашып кетті, жасырынып кейін қораудан құтылып кетті. Олардың арасында Спартак та болды. Олар бірнеше жазалаушы отрядтарды талқандап, қау жарағын алып қойды. Кейін Спартак өте тез әртүрлі халықтардың өкілдерінен 60-тан 120-мың адамнан құралған үлкен армияны жинап, анық емес мақсаттар мен міндеттермен солтүстікке кетті (Спартак құлдарды Галлияға алып шығуды қалауы мүмкін еді). Спартак армиясы Альпіге дейін барып, оңтүстікке бұрылды. Бұл жерде ол кемемен Италиядан кетуге тырысты, бірақ қарақшылар Спартакты алдады. Спартактың үшінші жорығы Апулияға болды, бұл жерде ол кемелерді басып алуды қалады.

Римнің саяси олимпінде осындай қауіпті, тұрақсыз жағдаятта екі сулалық генерал алға шықты: Марк Лициний Красс пен Ұлы Гней Помпей. Олар өте ұқсас болды — екеуі де өте жас, атақ құмар; екеуі де дағдарыстан шығудың жалғыз жолы Римде әскери диктатура орнату екенін көрді; және сол уақытта екеуі де ашық тиранияның жолына тұра алмады.

Сулла өлімінен кейін ішкі қиын шиеленістерге қарамастан, сенат бұл атақ құмар генералдардан қауіптенді, олардың жоғарғы магистратураға көтерілуге кедергі жасады. Қауіп тек Сертория, Спартак және қарақшылар тарапынан (Шығыстағы соғысжағдайында) болған кезде, қоғамда дүрбелең жағдай тудырған кезде, «халық әкелері» сулалық қолбасшыларды шақыруды шешті. Б.э.д. 72 ж. Спартакпен күрестің кезекті жеңілісінен кейін, сенат Лициний Крассы претор қылып тағайындап, оған ерекше өкілеттіктер беріп, Спартакпен күрес жүргізуді тапсырды.

Красс Спартактың екі бақталастарының, оның армиясынан бөлінген отрядтарын талқандап, ал кейін б.э.д. 71 ж. Апулияны қоршап алып, көтерілушілердің негізгі күштерін талқандады. Спартактың өзі ұрыс кезінде өлді. Жеңіс Крассқа оңайлықпен келмеді. Алты мыңға жуық құлдар Рим мен Капуя арасындағы жол бойын жағалай созылып жатты. Құлдар армиясының қалғандары солтүстікке ұмтылды, Испаниядан оралып келе жатқан Помпейге ұсталды.

Помпей сол кезде (б.э.д. 76-72 жж.) Испания проконсулымен сенат болып тағайындалды (халық жиналысының келісімінсіз-ақ) және сол жерде әскерлерге басты басты

командирлік істі атқаруды алды. Серториймен күресті күшейтіп, Помпей оның қарсыластары мен одақтастарының алауыздығын пайдаланып, өз жағына тартты. Б.э.д. 72 ж. Серторий той кезінде пышақталып өлтірілді.

Б.э.д. 71 ж. Рим үшін қауіп-қатерлі күндер басталды: Помпей мен Красс бастаған легиондар Римге қарай келе жатты. Сенат қаланың өзіндегі қарулы қақтығыстардан, билікті басып алудан, тонаудан, проскрипциядан және т.б. қауіптенді. Бұл сулалалық оптимат-генералдар сенаттың дұшпандығына тап болып, «халық үшін» даңқтылар партиясының арасынан, демократиялық қозғалыстардан өзіне тірек іздеді. Генералдар тек армияға ғана емес, тікелей саясиланған халық топтарына сүйенуге әрекет жасады. Осы формуланы көп кешікпей Юлий Цезарь жүзеге асырды.

Сол уақыттарда Римде оптиматтар мен даңқтылардың қиян-кескі күресі үдей түсті. Саяси-идеологиялық жоспарда ол дәстүрлі институттар мен республиканы қорғаушылар мен өзінше бөлек «әскери монархия» күшті жеке билікті құру, саяси құрылымды түбірімен жаңартуды жақтаушылардың күресі формасын алды. Бірқатар жаңа көшбасшылар алға тартылды. Олардың арасында Гай Юлий Цезарь (б.э.д. 100-44 жж.) ерекше орын алды.

Цезарьға пікірінің айқындылығы мен еңбек қабілеттілігі тән болды. Ол біруақытта баяндама тыңдап, айтып жатқа жаздырып, жаздыра алатын еді, деп айтылады. Ол қысқа сөйлеуші болды, бос сөз бен көп сөздікті ұнатпады. Сенаттың кезекті жеңіс туралы реляциясын (б.э.д. 47 ж. боспор патшасы II Фарнакты жеңгенде) ол үш сөзбен білдірді: («Келді, көрді, жеңді»).

Цезарь өте керемет шешен және әдебиетші де болды. Оның сенаттағы сөздері үлкен әсер қалдыратын. Сулла, Помпей, Лукуллдармен қатар Цезарь да Ежелгі Римнің ірі қолбасшыларының бірі болып саналады. Әскери өнерде Цезарьда ұсақ-түйек болмады. Сонымен, Цезарьдың адамзат алдындағы ең үлкен қызметі, ол негізінен күшті еркін мемлекет концепциясын қалыптастырды, жүзеге асырды азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік берілді; ежелгі жауынгер-азаматтардың дәстүрлі ынтымақтастығы, эллин полисінің ұқсастығы немесе ескі рим қауымы, de facto сияқты ірі, универсалды, әлемдік мемлекет Рим болып табылды, соның салдарынан өзінің мөлшерімен басқара алмайтын дәрежеге жетті.

Б.э.д. 68 ж. Цезарь квестор болып сайланды, 65 ж. - эдил (Крас— цензор) болды. 59 ж. Цезарь консул болады, ол Помпей мен Красспен бір-бірін қолдау туралы (бірінші триумвират деп аталатын) үш жақты келісім жасасады.

60-шы жылдары оптиматтар мен республикашылардың ең көрнекті көшбасшысы Марк Туллий Цицерон (б.э.д. 106-43 жж.) болды. Ол Римдегі ең ірі шешен ретінде белгілі, оның сөздері сенатты дүр сілкіндіріп, тікелей әрекет жасауға итермеледі. Цезарь халық еркінің сүйенішіне тіке жолмен, белгілі дәрежеде «революция» жолымен жүрді. Цицерон оған қан төгіссіз революция мен азамат соғысынсыз бейбіт жолмен, сөз бен сенім жолымен жүруді ұсынды. Оның ұраны — «келісім», фикс-идея — бірінші кезекте нобилей мен салт аттылардың, сословиелердің келісімі. Оның саяси мұраты Полибийдің еңбектеріне тікелей сүйенеді, - монархия, аристократия мен демократияның ең жақсы қасиеттерін қосу. Бұл эллиндік емес, бірақ халық қорғаушысының аса таяғымен немесе «алғашқы азаматымен»— *princeps*'a (осыдан — принципат) болатын дәстүрлі римдік мемлекет құрылысы болар еді.

Б.э.д. 49 ж. Цезарь сенатқа қарсы тұрып, өзіне бүкіл Италияны бағындырды, Помпей әскерлерін талқандап, Римдегі жеке билігін бекітті (б.э.д. 46-44 жж.). Ол император атағын алды, Цезарь шығыс үлгісі бойынша патша титулын қабылдаудан формальды түрде бас тартты. Октавианнан бастап принципат басталады (монархиялық принципаттың үстемдігі), Рим республикасы түбегейлі монархияға айналады.

Әдебиеттер:

1. Мишулин А.В. Спартакское восстание . М., 1936.
2. История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. —М., 1988.
3. Утченко С.Л. Цицерон и его время. М., 1988.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.

5. Утченко С.Л. Юлий Цезарь. М., 1979.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Триумвираттың мәні неден тұрады? Римдегі азамат соғысының барысын сипаттаңдар.

ХІІІ БӨЛІМ. ЕРТЕ ИМПЕРИЯ КЕЗЕҢІ.

№27 Дәріс. (1 с. 14 апта.)

Октавиан Августтің басқаруы. Монархиялық мемлекеттік құрылысты ұйымдастыру.

Мақсаты: Принципиат түріндегі монархиялық жүйе негіздерінің қалыптасуын қарастыру.

Негізгі сөздер: принципат, Август, плебс, салт аттылар, сенат, монархия, романдану.

Жоспар:

1. Октавиан Август заңы және принципат түріндегі монархиялық жүйенің негіздерінің қалыптасуы.

2. Августтың әлеуметтік және ішкі саясаты.

3. Б.э.д. I-II ғғ. Рим империясындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар.

Б.э. I-II ғ. антика өркениетінің барынша өркендеу эпохасы, оның жан-жақты дамуы. Рим мемлекеті ең үлкен территориялық шекараларға қол жеткізді: Шотландиядан басқа, Испания, Галлия, Англия провинцияларға айналдырылған еді, границы по реке Рейн, Дунаю өзендері бойынша шекаралары Евфрат өзеніне дейін болды. Солтүстік Африкада — барлық солтүстік жағалауды бойлады. Оның территориясында қазір 28 мемлекет орналасқан. Әкімшілік көзқарас тұрғысынан Рим империясы Италияға және 36 провинцияларға бөлінді.

Ерекше құрылымдық бірлігі - Рим болды- қаланың жоғары қоныстанған келешек бейнесі. Рим халқын 1,5 млн. адам құрады.

Мерзімдік ауқымдығы жағынан ерте империя б.э.д. 31 ж. Акциида Августтың жеңісінен басталады және 192 жылы 31 желтоқсанда Коммодтың өлтірілуімен аяқталады.

Династиялық тұрғыдан ол үш династиямен көрсетіледі.

1. Юлий-Клавдиялар династиясы. б.э.д. 31-б.э. 68 ж. /100 жылға жуық/

2. Флавийлер династиясы б.э. 69-96 жж. /27 жыл/

3. Антонин династиясы б.э. 96-192 жж. /96 жыл/

Ерте рим империясы принципат деген атаумен аталады.

Принципиат тарихы бойынша деректерден Августтың «күдайлық Августтың қызметі» деген атпен белгілі, өзіндік саяси өсиеті ерекше орын алады. Саяси және заңдық көзқарас тұрғысынан принципат дегеніміз не дегенді ұғынып алу керек. Атауының өзі сенаттың республикалық принцепсімен /тізімде бірінші тұрған және соның пікірімен ерекше санасатын, сенаттың ең қадірлі мүшесі/ республиканың сақталуын көруге мүмкіншілік құруға ұмтылыс аяқталды /принцепс-монарх та, диктатор да емес, ол «теңдестердің арасындағы бірінші»/. Принцепс өзінің қолында маңызды саяси өкілеттіктерді шоғырландырды: ол өмірлік трибундық билікті иеленді, бірнеше рет консул болып сайланды, цензор қызметін өзі меңгерді, жоғарғы бас қолбасшы болды, өзінің жеке қорғанысы үшін преторияндық гвардия құрды. Сонымен бірге, принцепс сенаттың беделімен санасуға, оның әкімшілік тәжірибесін пайдалануға мәжбүр болды. Сенат құрамына қолбасшылар, провинциялардағы наместниктер, дипломатиялық миссияны атқарушылар, әкімшілік аппараттың негізгі кадрлар жиналды.

Августқа сословиелік саясат тән. Сенаторлар мен салт аттылар үшін мүлктік цензді енгізу /біріншісінің цензі екіншісінікінен екі жарым есе асып түсті/ сенаторлықтан: кедейлеген адамдар сословиесін шығаруға алып келді, ал принцепске ақшалай сыйлығының арқасында қалғандар, «оның қайырымдылығымен» сенаторларға айналды. Сенат императорлық биліктің айтқанынан шықпайтын қаруға айналды. Сондықтан Август ескі ақсүйектерге құрмет көрсетуге ерекше көңіл аударды; жеке өмірге мемлекеттің араласуы /отбасы мен неке заңдары/, ол дәстүрлі рим адамгершілігін, ізгілігін қалпына келтіру қажеттігімен себептелді.

Салт аттылардың алдында Август әкімшілік мансаптың мүмкіндіктерін ашты, бірқатар

лауазымдарды ашты, /префект преторий, императорлық провинциялардағы наместниктер/ оған тек салт аттылар орын басты. Олардың қызмет етуші сословиеге айналу тенденциясы көзделді. Плебстің саяси құқығын қысқарта отырып /халық жиналысының рөлін азайту/, Август оған едәуір материалдық көмек көрсетті. Көп реттік ақшалай және нан үлестіріп беру /200 мыңнан астам адам нан алды/, плебстерді жоғалған саяси құқығын принципс ұйымдастырған ойын-сауықтармен көндірді. Август, саяси рөл ойнайтын, ұжымдарға тиым салып, өзара көмектесу, жерлеуді ұйымдастыру, діни міндеттерді атқару мақсатымен ғана бірігуге рұқсат берді. Романдану саясаты рим азаматтары мен ардагерлерінің отарлары арқылы жүзеге асырылды.

Август құлиеленушілердің билігін нығайту үшін шаралар қабылдайды: құлдардың еркіндікке шығу демалысын шектейді, барлық құлдарға қожайынын өлтірген жағдайда өлім жазасын енгізеді, құлдарға қожайынына сөз жеткізгені үшін награда беруді қысқартады. Құлиеленуші мемлекетті нығайту туралы құлдардың жаппай көтерілістерінің болмауы осыны дәлелдейді.

Рим империясының үлкен құлиеленуші топтары мен армияның тірегі, орталық билікті күшейту, әрекет етуші бюрократиялық аппаратты құру, жаңа жаулап алулар мен басу мақсатымен әскери күшті нығайту, империяның ішіндегі наразылықтар — міне, б.э. I-II ғғ. Рим империясының саяси, әлеуметтік құрылымын анықтаушы Август принципатына тән белгілер.

Б.э. I ғ. рим тарихын оқыған кезде /Юлий-Клавдиялар мен Флавийлер билігі/ Италия мен провинциялардың экономикалық, саяси дамуына тән белгілер, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын бөлу керек.

Б.э.1 ғасыр бойы Рим империясының бюрократиялық мемлекеттік аппараты қалыптасты. Клавдий тұсында құрылған ведомствалар /императорлық мүлік, императорға адал және ескі ақсүйек адамдармен байланысы жоқ, қабілетті императорлық азат етілгендер басқаратын, императорлық жарлықтар мен өтініштер мен шағым, арыздар да қарады/ үлкен мәнге ие болды. Клавдий тұсында сенат галл ақсүйектерімен толығыды, провинциялықтардың бір бөлігі азаматтық құқық алады, және мемлекетті басқаруға провинциялық халықтың жетекшілері тартылды. Бұл саясат Флавий тұсында да жалғасады; оның нәтижелері б.э. 68-70 жж. Галлиядағы антиримдік көтеріліс уақытында, романданған галл ақсүйектері көтерілісшілерді қолдаудан бас тартқан кезде көрінеді. Б.э. I ғ. салық жинаудың (откуптық) жалға берушілік жүйесін қолдану қысқартылады, откуп иелерінің қызметіне қатаң бақылау енгізіледі. Ең алдымен артта қалған Галлия мен Испанияда италийліктермен табысты бәсекелесе алатын, қолөнер өндірісі дамиды.

Италияда б.э. I ғ. егіншілік біртіндеп құлдырауға келеді. Италия ауыл шаруашылығында құл еңбегімен қатар, енді еркін жалға алушы-колондардың еңбектері кеңінен қолдана бастады.

Б.э. I ғ. империя алдында жиілеп шиеленіскен қаржы мәселелері тұрды. Сән-салтанат үшін Шығыстан заттар әкелу Италияның сыртқы саудасының балансын төмендетуге алып келді. Армия ұстау, плебске үлестіріп беру, құрылыс шығындары өте үлкен болды, ал провинцияларды сыға берудің де шегі болды. Флавийлер династиясының императорлары, әсіресе Веспасиан, қаржыны реттеуге үлкен мән берді, бірақ император билігінің табиғатының өзі үнемділіктің ұзақ режиміне мүмкіндік бермеді: қолдау мен даңқы үшін армияға, плебске, және сарай қызметкерлеріне де төлем төлеуі керек еді.

Принципат формасы /республиканы көруге мүмкіншілік/ мен оның мәнінің /жеке диктатура/ арасындағы айырмашылық, принципстердің сол уақыттарда кең әлеуметтік тірегі болмады, әскерлердің көңіл-күйіне тәуелді болды, өзіне жақын айналасындағыларға сенімсіздігіне алып келді. Принципстердің сенатпен қарым-қатынасы әлденеше рет шиеленісті. Тиберий, Калигула, Нерон, Домициан тек оппозицияға ғана емес, жеке биліктің күшеюіне наразылық көрсетуші түрлерге, сонымен бірге принципске немесе оның сүйікті тұлғаларына жарамсыздың барлығына қарсы жүйелі түрде террорға жүгініп барды. Преториандықтар сарайлық төңкерістерде белсенді рөл ойнады /олардың көмегімен билікке

Калигула, Клавдий келді/. Нерон өлтірілгеннен кейін күшейген билік үшін күрес, Римнен тыс жерде де император болуға болатынын көрсетті; армия- императорлық биліктің материалдық тірегі — сол немесе басқа талапкерді алға тартып және құлатуы да мүмкін еді. Б.э. I ғ. жалақыны көбейтіп, қызмет мерзімін қысқартуды талап еткен легиондардың бірнеше рет көтерілісі болды. Азаматтық халықтың тонаушылығы, армияның халықтың басқа топтарымен байланы әлсіз, дербес саяси күшке айналғанын дәлелдейді.

Б.э. I ғ. рим иеліктерінің территориясы ірі жаулап алушылықтар болмаса да, кеңейе берді: Британия бағындырылды, Рейндегі рим позициясы нығайды, бірқатар вассалды патшалықтар провинцияларға айналды /Фракия, Мезия, Мавритания/, римдік гарнизондар Солтүстік Қара теңізге дейін енді. Римге қарсы Шығыстан Парфия мен Дунайдан солтүстікке қарай жас Дакия патшалығы қарсы тұрды.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Рима.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. —М.,1988.
- 3.Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Август саясатының мәні неде? Юлий-Клавдилер мен Флавийлердің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын сипаттандар.

№28 Дәріс. (1 час. 14 апта.)

Б.э. II ғ. Рим империясы. Антониндер династиясы. Рим империясының «Алтын ғасыры».

Мақсаты: Антониндер династиясының басқару уақыты антикалық өркениеттің ең өркендеу кезеңі екенін көрсету.

Негізгі сөздер: антикалық өркениет, Антониндер, Траян, варварлар, мәдениет, ғылым, стоицизм.

Жоспар:

1. Билікке Антониндердің келуі. Антониктердің ішкі және сыртқы саясаты.
2. Рим империясының (б.э.II ғ.) ең құдіретті кезеңі.
3. Антикалық мәдениеттің гүлденуі, оның себептері мен жағдайлары.

Б.э. II ғ. Рим империясы экономикалық және саяси қатынастарда өзінің құдіреттілігінің ең биік нүктесіне жетті. Өрлеуге провинциялардың экономикалық өркендеуі, империяның ішінде және оның сыртқы жақтарында да /Қытайға дейін/сауда байланыстарының дамуы, жаңа құрылыстар мен ескі қалаларды жабдықтаушылық, жолдардың салынуы, ауыл шаруашылығына техникалық жетілгендіктер енгізу, колөнер құрылыс дәлел болып табылады. Сол уақытта шамамен жүзжылдықтың ортасынан бастап құлиеленушілік өндіріс тәсілінің толығымен дағдарыс белгілері көріне бастады. Антонин династиясының билеушілері өте жақсы әкім (администратор) болды, оларда саяси немесе әскери майданда ерекшеленетін, өздерінің мұрагерлерінің арасынан сайлау жүйесінің орнатылу нәтижесі болып табылады, олардың асырап алу және мемлекеттік қызметке араласуы асырап алған әкесінің тірі кезінде /Нерва Траянды, Траян-Адриананы, Адриан-Антонин Пийді, Антонин-Марк Аврелийді асырап алды/ болды.

Нығайған империя сыртқы саясатын жандандырды. Траян жорықтарының нәтижесінде Дакия рим провинциясына айналды, ол Римді бүкіл Дунайды бақылаумен қамтамасыз етті. Алғаш рет рим армиясы парфяндарға ауыр соққы беріп жеңіліске ұшыртады. Шығыста жаңа рим провинциялары пайда болады: Армения, Месопотамия, Ассирия, Набатейлік Аравия. Алайда, бұл сәттіліктер осал болды және біртіндеп дағдарыстың өсу белгілерімен қабаттаса жүрді. Экономика мен әлеуметтік қатынастар саласындағы дағдарыс Италия мен Сицилиядағы ауыл шаруашылығының құлдырауы, халық саны өсуінің қысқаруы, провинциялардан салық бойынша төленбеген салықтардың өсуі, әлеуметтік қарама-қарсылықтың шиеленісуінен көрінді.

Құл еңбегінің өнімділігінің жеткіліксіздігін жете түсіну, құлдың көздерін қысқарту, провинциялардағы борыштық құлдың толығымен дерлік жойылуы құлдарды пайдалану формасына бірқатар өзгерістер алып келді; оларды пекулияға бөлу жүйесі таралды. Құлға шөкімдей ғана жер берілді, ол сол жерді өңдеп, қожайынына жиналған өнімнің бір бөлігін немесе белгіленген төлемді берді. Мұндай құлдың отбасы және де қандай да бір мүлкі болуы мүмкін еді.

Адриан жаңа жаулап алулардан бас тартып, империя шекараларының аралықтарына қорғаныс жүйесін құруға көшті. Алайда рим шекараларын солтүстігінде және батыста жаулаушы көршілері бұзып отырды. Парфия қарсы басқыншылыққа өтеді. Император Марк Аврелий Рим империясының шекараларында олардың тайпаларының таралып орналасуы туралы варварлардың көсемдерімен ымыраға келіп, келісім шарт жасауға тура келді, бұл рим армиясының варварлануының бастамасына негіз салды.

Сөйтіп, 1-11 ғғ. рим империясындағы қоғамдық тәртіпті қолдайтын, орталық епті мемлекеттік аппарат құрылды, бұрын болған қайшылықтар алынып тасталып, құлиеленуші таптардың нығаюы болды. Барлық топтар императорға жақындады, салт аттылар концелярияні басқарды, муниципальдық аксүйектер сенатқа баруы мүмкін еді, **провинциялық** аксүйектер ұсақ өндірушілерді қолдау үшін рим азаматтығының құқығын үлестіріп берді, жер бөлімшелері таратылып, қарыз ақша берілді.

1-11 ғғ. стоицизмді көрсететін мынадай: Сенека, Эпитикет, Марк Аврелий, ақындар Лукан, Ювенал и Марциал, жазушы мен тарихшылар Тацит, Плутарх, Аппиан, Светоний, Петроний, Лукиан, және т.б. сияқты көрнекті философтар өмір сүрді. Осы уақытқа барлық рим азаматтарына біркелкі идеология мен мәдениеттің қалыптасуы жатады.

Әдебиеттер:

- 1.История древнего Рима.-М.,1991;
- 2.История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
- 3.Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Не себептен Антониндер династиясының басқару уақытын Рим империясының «Алтын ғасыры» деп атайды? Антониндер династиясының ішкі саясатын сипаттаңдар.

№29 Дәріс.(1 с. 15 апта)

Римдік құлиеленуші қоғам мен мемлекеттің дағдарысы.

Мақсаты: Рим қоғамы мен мемлекетіндегі дағдарыстық құбылысты сипаттаңдар.

Негізгі сөздер: Северлер династиясы, саяси дағдарыс, азамат соғысы, варварлық периферия, солдаттық императорлар.

Жоспар:

1. Саяси дағдарыс пен 193-197 жж. азамат соғысы. Северлер династиясы.
2. Солдаттық императорлар және олардың саясаты
3. III ғ. рим экономикасының дағдарысы.

II ғ. соңынан және III ғ. дағдарыс белгілері табыла бастады. III ғ. дағдарыс жалпы деп анықталады, демек бұл, қоғамның барлық жақтарын қамтыды. Бұл экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени дағдарыс. Римде Коммод өлтірілгеннен кейін билік үшін күрес басталады, Септимий Север жеңіске жетіп, Рим императорларының жаңа саналуы бойынша төртінші династияны бастайды. Северлер династиясына төмендегідей императорлар кірді: Септимий Север /193-211жж./, оның ұлы Каракалла /211-217жж./, Элагабал /218~222жж./ мен Александр/222-235жж./.

193-197 ж. азамат соғысы провинциялардың күшін көрсетті. Бұл соғыста провинциялық құлиеленушілер италийлік аксүйектермен саяси теңдік үшін күресті. Төрт жылдық азамат соғысында шын мәнінде барлық рим армиясы қатысты, рим шекаралары әлсіреді, бірқатар қалалардың ойсырауына, халықтың азаюына, материалдық әл-ауқаттың төмендеуіне алып

келді. Одан бөлек, соғыстар Парфияда, Британияда, Рейнде, Дунайда болып жатты. Римнің шиеленіскен ішкі жағдайын Севердің реформалар өткізу арқылы ішкі саясаты мен билік сипатын анықтады. Олардың ішінде мыналарды бөліп қарастыруға болады:

1. Әскери реформа:

а) бұл реформа кіші және орта командалық құрамдағы армияға жеңілдіктерін көбейтуге бағытталды, саптық жауынгерлер жалақысын 500 денарға дейін, ал командирлердікі одан 2 есе өсірді. б) отбасы құруға рұқса берді; в) армиядағы іріктеп сайлау тәртібі өзгертілді, қазір армияға жаппай қарқынды көлемде, әсіресе дунайлық және балқандық провинциялардан алды. Армияның провинциялдану процесі басталады. Император сарайының өмірінде белсенді рөл ойнаған, преториандық гвардия да реформаланды. Енді ол Италияның айрықша құқықты тұрғындарының тар топтарынан емес, барлық легиондардың ең жақсы жауынгерлерінен іріктеліп сайланды.

2. Бюрократтық аппаратты нығайту. Ведомствалар саны көбейтілді. Олар 12 болды, бірақ ең бастысы бюрократтық аппарат әскери үлгіде қайта құрылды, ал бұл императорлық бюрократияның милитаризациялануына алып келді. Кеңес рөлі өсті, сенатта емес, дәл осы кенесте, империяны басқару бойынша маңызды мемлекеттік мәселелер шешілді, және Северлер тұсында олар жалақы алды. Сөйтіп, Северлер династиясы — бұл солдаттық императорлар мен бюрократиялық монархияның династиясы болды.

3. Император билігін нығайту. Енді сенаттың заң шығаруға құқығы болмады, ол тек принципстің заңдарын бекітті. «Принцепс еркіндігінің заңдық күші бар, ал принципстің өзі заңмен байланысты емес», - III ғ. және келесі ғасырлардағы римдік мемлекеттік құқықтың негізгі жағдайы осындай болды.

4. Северлер тұсында маңызды процесс аяқталды: провинциялықтар мен италийліктердің құқықтарын теңестірілді, т.б. барлығы да империя азаматтары болды. Бірақ Северлер тұсында бұл түсінік түбірімен өзгереді. Азамат адамдар шын мәнінде бағынушыларға айналды. Барлық провинциялықтар азаматтық құқығын алады, демек, бұл дегеніміз, италийліктер өздерінің айрықша құқықтарын жоғалтып, олар да салық төлейді. 212 ж. Каракалла жарлығы (эдиктісі) бұл процесті аяқтайды.

Б.э. III ғ. қарама-қайшылықты әлеуметтік күштердің арасындағы бұлтарыс императорлар үшін зардабы қауіпті болды: олар жауынгер-легионерлердің қолынан қаза тапты.

Александр өлтірілгеннен кейін 235 жылдан 284 ж. дейін 28 император ауысып, олардың барлығы да зорлықпен өлтірілді. Кейде бір уақытта әртүрлі жерлерде 5-6 император басқарды, олардың өзінің астанасы, армиясы болды.

Орталық биліктің әлсіреуі, императорлық биліктің беделінің түсуі халық қозғалыстарының күшеюіне алып келді /Галлиядағы багаудтар мен Африкадағы агонистиктер қозғалысы/.

Әлеуметтік қарсылық қарақшылық пен тонаудың пайда болуы, сонымен қатар саяси биліктің дағдарысымен байланысты. Императорлық чехарда армияның рөлін өзгертумен де пайда болды. Армиялардың тым көбейіп кетуі, өз еркі, бірақ бұл оның соғысу қабілеттеріне әсер етпеді. Елдің ішіндегі халықты тонап, ол шекараларды әлсіретті. Галлияның солтүстік бөлігінде франктар мен аламандардың, Дунайда-готтардың /вестготтар мен остготтар/ одақтары пайда болады. 251 ж. готтар Деция армиясын талқандады. 267 ж. Пелопоннестегі жергілікті тұрғындар өздері қорғануға мәжбүр болды. Парсылар Валерианға жеңіліс таптырады. Жалпы анархия іштей және сырттай олқылықтармен күшейеді.

Саяси бейне (картина): а) императорлар ауысымы; б) армияның әлсіреуі; в) шекаралардың бұзылуы, міне осындай болды.

Саяси дағдарыс экономикалық және әлеуметтік дағдарыспен байланысты болды. Дағдарыстың негізінде маңызды экономикалық өзгерістер жатты. Бұл шаруашылықтың құлиеленушілік жүйесінің дағдарысы. I-II ғғ. үшін тауарлы өндірістің дамуы тән болды. III ғ. ақша айналымының бұзылуынан тездетілген, экономикалық байланыстар тоқтатылды. Инфляция мен девальвация болады /құндылығының өзгеруі/. Август тұсында монеталарда

98,5% күміс болды, ал Галлиен тұсында 1,5%, монетаның қалғандары қоспа болды.

Әлеуметтік құрылымда да өзгерістер болады. Құл еңбегінің мәні кетіп, құлдың орнына колон келеді. Рим қоғамының жалпы дағдарысы бұрынғы құндылықтар жүйесін де қамтыды, жаңа дүниетанымның қалыптасуы үшін негіз дайындады, ал бұл рухани дағдарыс туралы білдіреді.

Императорлар күресуші топтардың арасында жалтақтады: біреуі қалаларға, екіншілері магнаттарға қорғаушылық көрсетті. Наразы топтар қажетсіз императорларды алып тастады, және бәрі басынан басталды, еске сала кететіні, олардың едәуір бөлігі сарайлық төңкерістер нәтижесінде күштеп өлтірілді.

Әдебиеттер:

1. История древнего Рима.-М.,1991;
2. История Европы. В 8-т. Т. 1. Древняя Европа. –М.,1988.
3. Штаерман Е.М. Древний Рим: проблемы экономического развития. М., 1978.
4. Моммзен Т. История Рима. М., 1936-1949.
5. Утченко С.Л. Древний Рим: События. Люди. Идеи. М., 1969.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: III ғ. рим мемлекетінің өміріндегі дағдарысты құбылыстар неден көрінеді.? Северлер династиясының ішкі және сыртқы саясатын сипаттандар.

XIV БӨЛІМ. КЕЙІНГІ РИМ ИМПЕРИЯСЫ.

№30 Дәріс. (1с. 15 апта.)

IV ғ. Рим қоғамы мен мемлекеті. Доминат жүйесі.

Мақсаты: Рим империясының құлауы мен ыдырауының негізгі себептерін көрсету.

Негізгі сөздер: Диоклетиан, доминат, варварлану, ғұндар, халықтардың қоныс аударуы, Ромул Августул.

Жоспар:

1. Диоклетиан мен Константиннің әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалары..
2. Христиандықтың үстемдік етуші мемлекеттік дінге айналуы және оның салдары.
3. Рим империясының Батыс пен Шығыс (Византия) империясына ыдырауы.
4. Армия мен мемлекеттік аппаратың варварлануы.
5. Халықтардың ұлы қоныс аударуы. Батыс Рим империясының құлауы.

Реформалар император Диоклетиан (284-305 жж.) мен оның үш билеушілер (тетрахия деп аталатын) – Максимилиан, Галерий, Констанция Хлормен тұсында жүргізілді, ол империяны өз билігіне біріктіріп, таққа үміткерлердің барлығын жеңді, осыдан кейін Диоклетиан биліктен безді.

Диоклетиан мен Константиннің әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалары империяны жаңа жағдайда жандандыру үшін, қалыптасқан жағдайды есепке ала отырып, оны соған сәйкес дайындады. Салық салу принципі өзгерді, инфляцияны жеңіп шығу үшін монеталық реформалар жүргізді. Император принципстен мырзаға айналды, dominus, осыған байланысты IY-Y ғғ. эпохасы доминат атауын алды. Констанция Хлордың ұлы Константин 313 ж. христиандардың діни нанымына еркіндік берген, Милан жарлығын (эдикт) қабылдады, ол христиандарды қудалауды жойып, өзі де христиан дінін қабылдады. 325 ж. ол христиандар үшін міндетті, бірыңғай наным символын жасап шығарып, Никей соборына (үлкен шіркеу) жинады.

Императорлар, солдаттарды герман және сармат тайпаларынан жалға алуды артық санады, тарихшылардың есептеуі бойынша, IV ғ. империяда туып-өскендер армияның бір ширегін де құрамады. 418 ж. Рим империясының территориясында пайда болған алғашқы варвар мемлекеті Вестгот королдығы болды. II-IV ғғ. готтардың қоғамдық құрылысы туралы деректер жалпы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Орозий мәліметтері, егіншілікпен айналысатын, испано-римдіктер мен варварлардың арасында қайырымды көршілік қатынастар орнады деп көрсетеді.

Феодосий басқаруында (379-395 жж.) империяның соңғы бірігуіне қол жетті. Оның өлімінен кейін 395 ж. империяның шығыс және батыс бөліктері біржолата бөлінді. Византия деген атпен белгілі, шығыс империя ХУ ғ. (1453 ж) ортасына дейін өмір сүрді. Батыс империяның тағы «варварлық» дружиналардың көсемдерінің қолындағы ойыншыққа айналды. 476 ж. – Ромул Августулды құлатқан жыл және Италия территориясында алғашқы «варварлық» королдықтың құрылуы батыс Рим империясының біржолата құлау датасы болып саналады. Атап айтқанда, антикалық кезең мен орта ғасыр аралығында Европаны мекендеген халықтар мен тайпалар жалпы европалық алаңға дербес күштер ретінде шықты. Өркениет жолақтары кеңірек ашылып, халық саны өсті, мемлекеттік құрылулар пайда болып, олармен араласу көп қырлы бола түсті. Және Европа да бірте-бірте сапалы жаңа өркениетке айналды.

Сонымен, көбісі рим өркениетінде құрылған, бұрынғы уақыттардың қойнауында пайда болған, әлемде өмір сүріп жатқанымызды атап өткім келеді. Қазіргі заманғы өркениеттер күшті антикалық қайнар көздерден бастау алады, III мж. табалдырығындағы үлкен өзгерістер мен күйзеліс кезеңін бастан кешірген, болып өткендерге баға беретін және санап шығу шкаласын беруге қабілеті бар тарихқа назар аудармайтын, өзінің жеке дүниесі туралы пікір тұжырыммен ғана шектелетін өркениет болуы мүмкін бе.

Әдебиеттер:

1. Гиббон Э. История упадка и крушения Римской империи. – М.-СПб.: Прогресс. Культура. Ювента, 1994.– С.8-15.
2. Тюменев А.И. История античных рабовладельческих обществ. - М.-Л.: Соцэкгиз, 1935;
3. Ковалев С.И. К вопросу о характеристике социального переворота III-V вв. в Западной Римской империи. // ВДИ. – 1954. - № 3. - С.33-44.

Өзіндік бақылау үшін сұрақтар: Армияның варварлану салдары неден көрінді? Батыс Рим империясының құлау себептерін сипаттаңдар.